



Құрметті кеңеске қатысушылар!

Бүгін біз Үкіметтің кеңейтілген отырысында өте өзекті мәселелерге тоқталамыз. Себеп – бәрімізге белгілі. Қазір дүние жүзі түбегейлі өзгеріске ұшырап жатыр. Жаһандық үдерістер, ең алдымен, еліміздің экономикалық ахуалына әсерін тигізетіні анық.

Жаппай цифрландыру дәуірі, яғни жаңа технологиялық кезең басталды. Күллі әлем мүлдем басқа жағдайда өмір сүреді. Біз соған міндетті түрде дайын болуымыз керек. Жаңа технологиялық ахуалға сақадай сай тұруымыз қажет. Бұл – еліміздің бәсекеге қабілетін арттырып, тұрақты дамуына жол ашатын аса маңызды фактор.

Үкімет пен әкімдердің жұмысы қаншалықты тиімді екенін алдымен экономиканың даму көрсеткіштері мен азаматтардың тұрмыс сапасына



Қасым-Жомарт Тоқаевтың Үкіметтің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзі

қарай бағалаймыз. Осы жұмыстың нәтижесі былтыр қандай болды? Негізгі міндеттер орындалды ма? Бүгін осы сұрақтарға тоқталамыз және жақын арада шешімін табуға тиіс өзекті мәселелерді талқылаймыз.

Құрметті мемлекеттік қызметшілер!

Сырттағы ахуал күрделі болса да, елімізде жақсы нәтижелер бар. Ел экономикасы өсіп жатыр. Бірақ шешімін таппаған түйткілдер әлі де көп.

Қазіргі таңдағы басты мәселе мынадай.

Әлем экономикасында болып жатқан тарифтік тартыстар мен санкциялық текетірестер қалыпты жағдайға айналды. Бұл үдерістің салдары жойқын болуы мүмкін.

Климатқа байланысты ұстанымдар да үлкен өзгеріске ұшырайтын болды. Мұндай жағдайда «жасыл энергетиканы» дамыту тәсілдерін қайта қарауға тура келеді. Бір жағынан, дәстүрлі қуат көздеріне деген сұраныс сақталады. Екінші жағынан, бұл мұнай, газ және көмір бағасының тұрақсыздығына әкеп соқтырады.

Қаржы саласында криптовалюталар мен басқа да цифрлық активтер кеңінен қолданыла бастады.

Жасанды интеллектті дамыту алдыңғы қатарға шықты, соған байланысты технологиясы дамыған алып елдер арасында бәсеке қыза түспек. Жаңа дәуірдің сын-қатерлері аз емес. Оны еңсеру үшін бізге тиісті стратегия керек.

Мен реформалардың нақты бағыты мен оны жүзеге асыру жолдары туралы осыған дейін де айттым. Үкімет ел экономикасын тұрақтап қалудан сақтап, орнықты дамуға қамтамасыз ету үшін күрделі шешімдер қабылдауы керек және ең бастысы сол шешімдерді іске асыруға тиіс.

Бұл – жоғары білікті әрі жауапкершілік алуға дайын мемлекеттік қызметшілердің қолынан келетін жұмыс. Әлемдік тәжірибеге қарасақ, мемлекеттік аппараттың тиімділігі осындай күрделі кезеңдерде айқын

көрінеді.

Үкімет қаншалықты қиын болса да, жаппай үнемдеуге көшіп, бюджет қаржысын тек қана аса өзекті мәселелерді шешуге жұмсауы керек. Көпке қарай көсілетін уақыт келді. Орынсыз шығынды тоқтатып, аяғымызды тартып басу қажет.

Енді Үкіметтің және басқа да құзырлы органдардың жақын арадағы негізгі міндеттеріне тоқталсам.

БІРІНШІ. Экономиканы әртарап-тандыру. Былтыр өңдеу өнеркәсібі саласында 180 инвестициялық жоба жүзеге асырылды. Жобалардың жалпы құны – 1,3 триллион теңге. Соның нәтижесінде осы саладағы өсім 6 пайызға жуықтады. Бұл – соңғы он жылдағы ең жоғары көрсеткіш. Осы жақсы үрдісті біржолата орнықтырып, сақтап қалу керек.

Тағы бір аса маңызды мәселе – экономикаға инвестиция тарту. БҰҰ мәліметтеріне сәйкес, Қазақстан бұл көрсеткіш бойынша айтарлықтай табысқа қол жеткізген. Дегенмен тоқмөйілсуге негіз жоқ.

Инвесторлардың мәселесін шғыл шешу үшін Инвестиция штабы құрылды. Соның арқасында бюрократиялық кедергілер мен құқықтық қарама-қайшылықтар жойылып, кейбір жобаларды тезірек жүзеге асыруға жол ашылды. Алайда басты мақсат – «жекелеген» проблемаларды ғана шешпей, елдегі тұтас инвестициялық ахуалды жақсарту.

Инвестициялық жобаларды әзірлеу барысында ведомстваралық үйлестіруге әлі де көп уақыт кетеді. Үкімет басы артық бюрократиядан арылып, жедел жұмыс істеуі керек.

Мемлекеттік қызметшілердің құлықсыздығы және жауапкершілік алудан тайсалуды келісу рәсімдері мен шешім қабылдаудың тым ұзаққа созылуына себеп болып отыр. Мұны ашық айтқан абзал.

Үкімет инвестиция саласындағы жұмысты күшейтуі қажет. Басқа жол жоқ. Әйтпесе, инвестиция нарығында бәсеке қызып тұрған кезеңде заман ағымынан кеш қаламыз. Бізге сапалы инвестиция қажет екені анық. Озық технологияға негізделген және сыртқы нарыққа арналған жобаларды әдетте шетел инвестор-

лары ұсынады. Былтырғы 9 айда елімізге 12,7 миллиард доллар тікелей шетел инвестициясы тартылды. Көрсеткішке көңіл толғанымен, бұл 2023 жылдың есепті кезеңімен салыстырғанда 36 пайызға кем.

Ақтөбе, Алматы, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарында және Алматы қаласында тікелей шетел инвестициясын тарту қарқыны төмендеген. Ал жеке инвестицияның азаюы бюджет есебінен өтелеп жатыр. Бірақ бүгін ғана даму бюджеті шектеулі екені айтылды. Ол ішкі жалпы өнім көлемінің небары 8 пайызын құрайды. Инвестициялық жобаларды бюджет есебінен өтеу тек қысқа мерзімдік нәтиже бере алады. Біз мұны түсінуіміз керек.

Қазір бюджет тапшылығы бар екенін білесіздер. Сондықтан сапалы инвестиция әкелетін жауапкершілігі жоғары инвесторларға қосымша жеңілдіктер беру мәселесін қарастыруға жөн. Мұндай саясат менің ел экономикасын ырықтандыру туралы стратегияма толық сай келеді. Бұл – маңызды сәт.

Үкімет инвесторды іздеуге, қолдауға және қорғауға қатысты жұмыстың бәрін жүйелі жүргізетін біртұтас экожүйе құруы қажет. Бұл жұмыс барлық деңгейде, яғни аймақта, орталықта және шетелде бірдей атқарылуы керек. Осы орайда шетелдік және отандық инвесторларға қатысты ұстаным бірдей болуы қажет. Мемлекеттің қолдауына ие болған компанияларға тиісті талап қойылуы керек. Олар жұмыс орындарын сақтауға, өндірісті жаңғыртуға тиіс. Сонымен бірге экология талаптарын мүлтіксіз орындауға міндетті.

Ірі өнеркәсіп жобаларын іске қосу жұмыстары баяу жүріп жатыр. Мұны кезінде елден заңсыз шығарылған активтерді қазынаға қайтару ісімен қатар жүргізу қажет. Мен бұл жөнінде ірі бизнес өкілдерімен кездесулерде айтқанмын. Қазақстанда орта буынға жататын көшбасшы компаниялар шоғырын қалыптастыру міндеті әлі де өзекті. Үкімет биылғы маусым айының соңына дейін келешегі зор әрбір орта кәсіпорынның жұмыс жоспарын әзірлеуге тиіс.

Еліміздің сирек кездесетін металл кенішін, соның ішінде әлемде сұраныс артып келе жатқан литийді өндіру мен өңдеу әлеуеті өте үлкен. Бүгін Премьер-Министр баяндамасында осындай 17 кен орнының ашылғанын айтты. Демек біз осы салаға инвестиция мен озық технологияларды тартуымыз қажет. Бұл ретте шетелдік инвесторларға да, отандық бизнесмендерге де басымдық берген жөн.

Қазақстан нарығына геологиялық барлаумен айналысатын ірі шетелдік компаниялар келді. Жер қойнауын пайдалану құқығын ашық әрі қарапайым тәртіппен бөлетін Бірыңғай платформа іске қосылды. Парламент сессиясының соңына дейін бұл жұмыстың заңнамалық негізін қамтамасыз ету керек. Жер қойнауын пайдалану саласындағы реформа еш кедергіге қарамастан жалғасуға тиіс. Бұл – принципті ұста-

ным. Үкімет мұны қатаң түрде сақтауы қажет.

Ірі кен орындарының өнімін бөлу жөніндегі келісімді іске асыру нәтижесінде Қазақстан жаһандық нарыққа қуат көзін сенімді жеткізушіге айналды. Бұл жобалар еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына айтарлықтай үлес қосады. Сонымен қатар қомақты инвестициялар ұзақмерзімді жоспарлауды талап етеді. Сондықтан Үкімет өнімді бөлу жөніндегі келісімдерді елімізге анағұрлым тиімді әрі жаңа шарттармен ұзарту үшін келіссөздерді жандандыруы қажет.

Бұдан бөлек, игерілуі технологиялық тұрғыдан күрделі бірқатар мұнай кен орындарын, сондай-ақ айтарлықтай қоры бар тақтатас мұнай кеніштерін экономикалық айналымға енгізген жөн. Мұндай жобалардың коммерциялық тартымдылығын арттыру үшін Үкімет мемлекеттік қолдау шараларын қарастыруы керек.

Тағы да қайталап айтамын: қазіргі жаңа геосаяси және экономикалық жағдайда индустрияға болсын, ауыл шаруашылығына болсын, жалпы ел экономикасына жеке инвестиция тарту – Үкіметтің басты міндеті. Бұл стратегия еліміздің ұзақ мерзімге арналған ұлттық мүддесіне сай келеді. Сондықтан мұнда отаншылдықты желеу еткен жалған ұрандар орынсыз деп күмәнсіз айтуға болады. Сонда ғана Қазақстан өз экономикасына қосымша инвестиция тартады, ресурстық әлеуетін арттырады, жаңа өндірістік кәсіпорындардың пайда болуына жағдай жасайды. Қоғам менің ұстанымымды білсін деп мұны әдейі айтып отырмын.

Былтыр энергетикалық және коммуналдық инфрақұрылымды жаңғыртуға арналған ұлттық жоба қабылданды. Бұл жоба аясында өнеркәсіп саласын дамыту үшін жаңа өнімдер шығару да қолға алынбақ. Отандық кәсіпорындар негізгі сұраныстың 40 пайызын ғана өтей алады. Үкімет жергілікті зауыттармен офтейк-келісім жасау арқылы құрал-жабдық өндірісін жолға қоюға тиіс.

(Жалғасы 2-3-4 беттерде).

Қасым-Жомарт Тоқаевтың Үкіметтің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзі

Әлем Қазақстанға зор сенім артты, бізді «орта держава» ретінде таниды. Алайда бұл жоғары мәртебе тек сыртқы саясаттағы нақты нәтижелермен ғана емес, экономика, инвестиция, ғылым және технология салаларындағы жетістіктермен де бекітілуге тиіс.

Қазіргі геосаяси жағдай көршілермен, атап айтқанда, Орталық Азия және ЕАЭО елдерімен ынтымақтастықты жаңа деңгейге көтеруді қажет етеді. Бұл аймақтың бәсекеге қабілетін күшейтеді. Үкімет өнеркәсіп, көлік және логистика, IT сектор, агроөнеркәсіп кешені және басқа да салалардағы өзара тиімді байланыстар бойынша нақты шаралар әзірлеуі керек.

Бұдан бөлек, Қытай, Ресей, АҚШ, ЕО, Таяу Шығыс, Азия елдерімен және басқа да мемлекеттермен ірі инвестициялық жобаларды жүзеге асыру барысын айрықша назарда ұстаған дұрыс.

Келесі кезек күттірмейтін мәселе. Туризм экономиканың өсуіне жаңаша серпін беретін сала болуы қажет. Бұл бағытта біз артта қалып барамыз, жұмыс мардымсыз жүріп жатыр. Еліміздің әр аймағында көрікті жерлер бар. Шетелден және ел ішінен келген туристер біздің қайталанбас қорықтарымызды аралап көргісі келеді. Бірақ белсенді және ауқымды туризмді дамыту үшін жағдайымыз жеткілікті емес. Сондықтан жеке инвесторларды да тарта отырып, қажетті инфрақұрылым салу жұмысын дереу бастау қажет. Туризм саласының инвестициялық әлеуетін күшейтуге арналған кез келген бастамаға қарсы шығатын адамдардың жетегінде кетпеу керек. Мәңгістауда әйгілі Бозжыраға байланысты сондай жағдай болғанын білесіздер.

Үкімет пен жергілікті мекеме өкілдері іскерлік ахуалды жақсарту үшін неғұрлым батыл шаралар қабылдауға тиіс. Мен экономикаға инвестиция тарту мәселесін бекерден-бекер басты орынға қойып отырған жоқпын. Мұның да стратегиялық маңызы зор. Экономикамыздың болашағы мен еліміздің әлем картасындағы орны, ең алдымен, осыған байланысты.

ЕКІНШІ. Инфрақұрылымды дамыту ісін жаңа деңгейге көтеру керек.

Үкіметтің және жергілікті атқарушы органдардың күш-жігерімен біз энергетикалық және коммуналдық саладағы ауыр дағдарысты еңсердік. Енді Үкімет мұндай жағдайға жол бермеуге тиіс.

Жылу стансаларындағы апаттар елімізге абырой әпермейді, беделіне нұқсан келтіреді және бұл мемлекеттік қызметшілердің жауапсыздығы мен біліксіздігін көрсетеді. Аймақтарда коммуналдық шаруашылықтағы басшылық орындарда кәсіби мамандар емес, заңгерлер мен басқа да гуманитарлық сала өкілдері отыр.

Энергетикалық және коммуналдық нысандардың жұмысын жаңа стандарттарға жедел түрде көшіру керек. Үкімет жаңа тариф саясатын жүзеге асыруды жалғастыруға тиіс. Тарифтер нарық талаптарына сай болмаса, электр энергиясымен, жылумен және сумен үздіксіз қамтамасыз ету мүмкін емес. ТМД елдерінің бәрінде дерлік электр энергиясының, газдың және мұнай өнімдерінің бағасы Қазақстанға қарағанда қымбат. Бұл жағдай экономика балансының бұзылып, шаңқаяқтауына әкеп соғады. Ақиқаты осы, оның несін жасырамыз?! Көршілес елдерге контрабандалық жолмен жанар-жағармай тасылатынын жұрттың бәрі көріп отыр. Өз кезегінде бұл ел ішінде қылмыстың етек алуына негіз болады.

Біз қоғамда ресурстарды үнемдеп пайдалану мәдениетін қалыптастыру маңызды екенін талай жылдан бері айтып келеміз. Бірақ азаматтарға үндеу тастау жеткіліксіз. Бұдан бөлек, ресурстарды тұтынудың әлеуметтік нормаларын енгізу қажет. Үлгі етуге болатын жақсы мысалдар бар. Мысалы, дәл осындай ұстаным ай сайын суды сегіз пайызға жуық үнемдеуге мүмкіндік берді. Бұл – аса маңызды. Себебі Қазақстанда ғана емес, бүкіл Орталық Азияда су тапшылығы күшейіп тұр. Сондықтан суды үнемдейтін технологияларды пайдалану мәселесі өте өзекті.

Көрші Қытай елінде әлемдік деңгейдегі озық технологиялар бар, олар тәжірибесін бөлісуге дайын. Бірақ біздің жақ – құлықсыз, оның үстіне батыл шешімдер жоқ. Үкіметке осы шаруамен белсенді айналысып, 1 маусымға қарай жұмыс барысы туралы есеп беруді тапсырамын.

Тағы бір мәселе – мемлекет тарапынан берілетін әлеуметтік көмектің нақты иесіне жетуі. Көмек шын мұқтаж адамдарға берілуге тиіс екені қаншама рет айтылды. Қазақстан – шын мәнінде әлеуметтік мемлекет. Бірақ бұл – азаматтарымыздың, әсіресе, өскелең ұрпақтың еңбек етуге ынтасын азайтып, оларды масылдыққа үйрету деген сөз емес.

Қазақстанға көрші елдерден жүз мыңдаған еңбек мигранты жұмыс іздеп келіп жатыр. Олардың бұл әрекетін құрметке лайық деуге болады. Себебі олар отбасына нәпақа табу үшін жұмыс істегісі келеді. Үкімет әлеуметтік көмек мәселесіне көлгенде тым сақтық танытуда. Десек те, нақты ұсыныстар мен оны шешу жолдарын қарау қажет.

Тағы бір маңызды міндет – тұрғын үй қорын басқару жүйесін жаппай реформалау. Қала құрылысын жоспарлаудан бастап, нысандарды пайдалануға беруге дейінгі барлық үдерісті цифрлық форматқа толық көшіру қажет. Бірыңғай ақпарат жүйесін жыл соңына дейін әзірлеу керек.

Біз былтыр тұрғын үй құрылысы бойынша рекордтық көрсеткішке қол жеткіздік (19 миллион шаршы метр). Бұл – өте жақсы. Бірақ тұрғын үйдің санына емес, сапасына және оның қолжетімді болуына баса назар аударған жөн.

Енді көлік-логистика инфрақұрылымына тоқталайық.

Транзит – жүк тасымалына қатысты халықаралық бәсекедегі біздің орасан зор артықшылығымыз. Мұны толықтай әрі тиімді пайдалануымыз керек.

Қазақстан арқылы өтетін темір жол дәлізін дамыту жұмысын тездету қажет. Бұл жоба Транскаспий бағдарының негізгі бөлігі болмақ. Осы бағыттағы маңызды жобалардың біразы қазір жүзеге асырылып жатыр. Алдын ала қамданып, жұмысты тоқтатпай, жалғастыра беру керек.

«Мойынты – Қызылжар» бағытында жаңа темір жол құрылысын бастауды тапсырамын. Сондай-ақ Қызылжар бекетінен Ақтау портына дейінгі күре жолдың қозғалысы аса көп учаскелерін жаңғырту керек.

«Алтынкөл – Жетіген» темір жолын да кеңейту қажет. Бұл Қытай мен Орталық Азия арасындағы көлік дәлізінің әлеуетін едәуір арттырады.

Бұдан бөлек, темір жол тасымалын цифрландыру жобаларын уақтылы аяқтау маңызды. Мультимодальды көлік тораптарын дамытуға баса мән берген жөн. Сол арқылы тасымалдың барлық түрін өзара кіріктіруге мүмкіндік туады. Биыл және келесі жылы осы бағытта ауқымды жұмыстар атқарылуға тиіс. Жаһандық электронды сауда-сат-

тық көлемінің артуы біз үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Сондықтан ел экономикасын дамытуға зор ықпал ететін осы үрдісті толық пайдалану керек.

Қазақстанға озық логистика жүйесі қажет. Қазіргі халықаралық нарықтың ерекшеліктерін ескерсек, бұл стратегиялық сипатқа ие міндет саналады. Автокөлік тасымалына арналған «жасыл дәліздің» тиімді қызметін қамтамасыз ету маңызды. Бұған дейін жоспарланған жолдарды салу және жөндеу жұмысын уақтылы аяқтау керек. Біз автокөлік тасымалының әлеуетін толығымен пайдаланып отырған жоқпыз.

Заманауи технологияларды енгізбейінше, логистиканы табысты дамыту мүмкін емес. Сондықтан қоймаларды автоматтандыру, маршруттарды цифрландыру, көлік ағынын басқару ісінде жасанды интеллектті қолдану Үкімет жұмысының басым бағыттары болуға тиіс.

Шұғыл атқаратын шаруаның бірі – еліміздің аумағында халықаралық әуе хабын құру. Ірі әуежайларымызды бәсекеге қабілетті халықаралық хабқа айналдыру үшін тез арада батыл шешімдер қабылдау қажет. Алдымызда жүк және жолаушылар терминалдары, логистикалық орталықтары және заманауи сервистері бар толыққанды экожүйе құру міндеті тұр. Жүк тасымалының барлық рәсімін жеңілдетіп, авиаотынға қолжетімді баға қою керек. Кейінгі мәселе өте өзекті. Өйткені біздің әуежайлардағы, атап айтқанда Астана әуежайындағы авиакеросиннің бағасы тым қымбат. Үкімет Бәсеке-лестікті қорғау ведомствосымен бірге аталған міндетті алғашқы жартыжылдыққа орындауы керек.

Қазір әлемде әуемен жүк тасымалдау нарығы 140 миллиард долларға бағаланып отыр. Бұл – орасан зор мүмкіндік. Алайда бірде-бір қазақстандық авиакомпания аталған салада толық жұмыс істемейді.

Шамамен мамыр айында өтетін Қауіпсіздік Кеңесінің отырысын еліміздің көлік-транзит және логистика әлеуетін дамыту әрі нығайту тақырыбына арнаймыз. Бұл мәселені бөлек қарастыру керек. Өйткені оның стратегиялық маңызы зор. Қазір көлік және логистика саласы халықаралық бизнес ретінде алдыңғы орынға шықты.

ҮШІНШІ. Цифрлық технологияны жан-жақты енгізу қажет.

Қазақстан цифрландыру ісінде, әсіресе, мемлекеттік қызмет көрсету саласын цифрландыру жолында едәуір жетістікке жетті. Бірақ бұл – алдағы үлкен жұмыстың басы ғана.

Толыққанды цифрлық экожүйе жасау үшін оның іргесі берік болуға тиіс, яғни, сапалы мәліметтер мен оны қорғайтын сенімді жүйе қажет.

Елімізде жасанды интеллект технологиясын қарқынды дамыту керек. Жыл соңына дейін оның кейбір тұстарын Электронды үкімет жүйесіне енгізу қажет. Бұл технологияны «Smart City» жобаларында кеңінен қолдану мәселесіне айрықша назар аударған жөн.

Адам капиталын дамытуды және жоғары оқу орындарын білім берумен ғылыми-зерттеу тәсілдеріне көшіруді көздейтін «Al-Sana» жасанды интеллектті оқыту бағдарламасының маңызы артып келеді. Үкімет цифрландыру мен жасанды интеллектті қолданудың біртұтас жүйесін құруға тиіс. Қазір жасанды интеллект нарығында не болып жатқанына қараңыздар. Қытайлық компания 6,5 миллион долларға DeepSeek платформасын жасап шығарды. Оның тиімділігі миллиардтаған доллар жұмсалған платформалардан асып түсті. Жуырда Қытай тарапының цифрландыру мәселесімен, жа-

санды интеллектіні ойлап табумен айналысатын өкілімен кездестік. Бізге Қытай тәжірибесін міндетті түрде қолдану керек.

Үкіметке мемлекеттік органдар мен ұлттық компанияларға жасанды интеллект технологиясын енгізу жұмысын қолға алуды тапсырамын.

Жаппай цифрландыру мемлекеттің азаматтармен және бизнес өкілдерімен қарым-қатынасын айтарлықтай жеңілдетеді. Сондай-ақ бюрократияны және сыбайлас жемқорлық қатерлерін азайтады. Бұл – түсінікті.

Алайда таяқтың екі ұшы бар, цифрландыру дамыған сайын алаяқтық көбейіп барады. Қоғамдық пікірге теріс ықпал ету, биліктің бөделін түсіру және ел ішінде алауыздық тудыру үшін жалған мәлімет таратып, ақпараттық шабуыл жасау белең алуда. Мұндай әрекеттер азаматтардың қауіпсіздігіне және елдегі тұрақтылыққа үлкен қатер төндіреді. Сондықтан интернет-платформаларда арандатушылық сипаттағы ақпарат таратқаны үшін жауапкершілікке тартуды заңмен бекіту мәселесін ойластыру керек. Бірақ киберқауіпсіздікті күшейту шаралары цифрландыру үдерісіне тосқауыл болмауға тиіс.

Қоғамда мемлекеттің азаматтарды кибералаяқтардан қорғау үшін қабылдап жатқан шаралары нәтижесіз деген қасаң пікір қалыптасып келеді.

Статистика да көңіл көншітпейді. Жыл сайын 20 мыңнан астам интернет-алаяқтық фактісі тіркеледі. Қылмыстың 80 пайызға жуығы әшкереленбейді. Рас, мұндай қылмыстарды ашу оңай емес. Үкімет, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Бас прокуратура және басқа да ведомстволар күш-жігер біріктіруі керек. Ішкі істер министрлігіне осы сипаттағы қылмыстарды әшкерелеуге көмектескен жөн.

Сондықтан Үкімет құқық қорғау органдарымен және қаржы саласын реттеушілермен бірге азаматтардың жеке деректерін қорғауды мейлінше қамтамасыз етуі керек.

ТӨРТІНШІ. Энергетиканы дамыту және ядролық кластер құру.

Еліміз өзін өзі электр энергиясымен толық қамтамасыз етіп, 15-20 пайыз шамасында резерв қалыптастыруға тиіс. Бұл – Үкіметтің алдында тұрған міндет. Сондықтан алдағы екі жылда кемінде 3 гигаваттық жаңа қуат көздерін іске қосу қажет. Бұл – алдыңғы жылдардың көрсеткішінен 2,5 еседей артық мән (1,3 ГВт).

Біздің көміртегі бейтараптығына қол жеткізу туралы стратегиялық бағдарымыз өзгермейді. Алайда оны жүзеге асыруға барынша байыппен, салмақты түрде қараған жөн.

Біз қолда бар табиғи байлықтарымыз бен мүмкіндіктерімізді ұтымды пайдалануымыз қажет. Сондықтан әлдеқашан ескірген технологиялар бойынша салынған ЖЭС-терді инновациялық көмір стансалары алмастыруы керек. Қытай мен Оңтүстік Кореяда зиянды шығарындылары аз, жаңа буын көмір стансалары табысты жұмыс істеп тұр.

Өкінішке қарай, кезінде Балқашта көмір электр стансасы салынбай қалды. Соның кесірінен біз мықты қуат көзінен айрылып қалдық. Ал ондай станса бізге қазіргі таңда артық болмайтын еді.

Энергия тапшылығы артып келеді. Сондықтан алғашқы Атом электр стансасының құрылысын тездету қажет. Жалпы елімізде ядролық кластер құру ісін қолға алу керек. Бұл еліміздің болашақта ойдағыдай дамуына қатысты аса маңызды міндет.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың Үкіметтің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзі

Үкіметке «Самұрық-Қазына» қорымен бірлесіп, атом саласын дамытудың ұзақ мерзімге арналған жоспарын әзірлеуді тапсырдым. Нақты нәтиже керек. Жан-жақты талдау жүргізіп, атом электр стансаларын салуға барынша қолайлы жерлерді, сондай-ақ заманауи және қауіпсіз технологияларды анықтау қажет.

Үкімет пен Парламент екінші ядролық стансаны қай аймақта салу қажет екені жөнінде маған ұсыныс беруі керек. Бірақ атап өткім келеді: елімізге ядролық қуат керек, онсыз Қазақстан келешекте ойдағыдай дами алмайды. Қуат дегеніміз – бүкіл экономиканың дамуы деген сөз. Екіншіден, қуат жеткілікті болса, барлық аймақтар гүлденіп, өркендей түседі, халықтың тұрмысы жақсарыды. Бұл – айдан анық.

Үкімет 2027 жылы Батыс аймақтағы электр желісін еліміздің Бірыңғай электрэнергетикалық жүйесімен біріктіруі керек. Сондай-ақ Оңтүстік аймақтағы электр желілерін күшейту жобасын жеделдеткен жөн. Оңтүстік өңірлердегі энергия тапшылығын жою үшін «жасыл» энергетика саласында ірі жобалар мен бу-газ қондырғылары іске қосылды. Сондықтан 2026 жылы «Бейнеу – Бозой – Шымкент» газ құбырына қарасты екінші тармақтың алғашқы кезеңін аяқтауымыз керек.

Жалпы газ саласын дамыту елдің орнықты әлеуметтік-экономикалық өрлеуінің негізгі факторына айналып келеді. Былтыр тоғыз өңірдегі 107 елді мекенге газ жеткізіліп, 300 мың халықтың тұрмысы жеңілдеді.

«Шеврон» корпорациясымен бірге жаңа газ кеніштерін игеру жұмыстары басталып, Ақтөбе облысындағы Жәлібек учаскесін геологиялық барлау жөнінде ынтымақтастық орнады. Алайда Жаңаөзен мен Қашағандағы газ өңдеу зауыттарының, сондай-ақ Түркістан облысындағы бу-газ қондырғысы базасында жұмыс істейтін электр стансасының құрылысы ойдағыдай жүріп жатқан жоқ. Аталған жобалар межелі мерзімде аяқталуға тиіс.

БЕСІНШІ. Агроөнеркәсіп көшенің әлеуетін арттыру қажет.

Былтыр экономиканың басқа салаларына қарағанда ауыл шаруашылығы даму қарқыны бойынша алға шықты.

Бұған көктемгі егіс науқанына берілетін арзан несие көлемін едәуір арттырудың арқасында қол жеткіздік. Биыл осы науқанға кемінде 700 миллиард теңге бөлу керек. Арзан несиеіні малшыларға және ауыл шаруашылығы өнімін өңдеушілерге берген жөн.

Тиімділігі төмен субсидиялау тәсілінен жеңілдікпен несие беру тәсіліне көшу қажет. Мен бұл мәселе жөнінде осыған дейін де айттым. Осы міндетті орындау керек.

Былтыр диқандарымыз мол астық жинады. Бірақ бидай бағасы тым арзандап кетті. Шаруаларды қолдауға және ішкі нарықты тұрақтандыруға Азық-түлік корпорациясы атсалысты. Бірақ бұл – уақытша шешім. Көбірек табыс әкелетін дәнді-дақылға көшуді жалғастыру қажет. Сондай-ақ шикізатты сақтау және оны терең өңдеу мүмкіндіктерін арттыру маңызды. Өнімді шетелге шығаруға қолдау көрсету керек.

Малдың жаппалы ауруларына қатысты ахуалды, соның ішінде екпе егу мәселесін ерекше бақылауда ұстаған жөн. Мал шаруашылығының экспорттық әлеуеті осыған байланысты.

Ауылды дамытуға арналған негізгі міндеттерге арнайы тоқталғым келеді. Бұл жерде инфрақұрылымды жаңғыртуға және бизнесті қолдауға басымдық берілуі керек. Ауылдық аймақтарды жан-жақты дамытуға

арналған мемлекеттік қолдау шараларының бәрін бір бағдарламаға біріктіру дұрыс шешім болмақ, яғни «Ауыл аманаты», «Ауыл – ел бесігі» және тағы басқа бағдарламалар.

Үкімет пен әкімдерден жаңа, жүйелі әрі тың тәсілдер күтеміз. Жалпы, ауыл шаруашылығында шешілмеген мәселелер аз емес. Фермерлер, сарапшылар түрлі түйткілдер туралы жазып жатыр. Мысалы, бордақылау орындары малсыз, жартылай бос тұр, себебі, мал көрші елдерге төмен бағамен сатылып жатыр. Ауылдағы ағайынның тұрмыс сапасына ықпал ететін барлық мәселеге баса мән беру қажет. Ауыл халқы қаржылық және мемлекеттік қызметтерден қол үзіп қалмауы керек. Қазір бұл міндет, негізінен, «Қазпошта» арқылы орындалып жатыр.

Үкіметке әкімдіктермен бірлесіп, пошта бөлімшелерінің шалғай елді мекендерде үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етуді тапсырамын.

АЛТЫНШЫ. Салық-бюджет саясатын реформалау.

Бүгін бұл тақырыпқа қатысты қосымша баяндаманы тыңдадық.

Жаңа өндіріс орындарын ашу, инфрақұрылымды дамыту және үдерістерді цифрландыру үшін инвестор қаржысын тарту қажет екені түсінікті.

Бір жағынан мемлекет те экономикаға салынатын инвестиция көлемін ұлғайта береді. Сондықтан Үкімет барлық қаржыны басты басымдықтарға сай бөлуі керек. Бұл – Үкімет пен әкімдер бұлжытпай орындауға тиіс негізгі бюджет қағидатының бірі.

Елімізде жаңа әрі барынша қатаң бюджет ережелері қолданысқа енгізілгеніне екі жыл болды. Алайда бұл жүйе әрдайым жұмыс істеп тұрған жоқ. Неліктен олай болды? Оған Үкімет өзі жауап беруге тиіс.

Үкімет ұсынған шаралар бюджетті Ұлттық қордан қосымша қаржы алмай-ақ толықтыруға мүмкіндік береді. Бірақ нақты есептеп, жанана факторлардың бәрін ескеру керек. Сол себепті жаңа Бюджет және Салық кодекстерін тыңғылықты әзірлеп, қысқа мерзімде қабылдау міндеті тұр.

Бұл мәселені қоғам жіті бақылап отыр. Сондықтан бүкіл жұмыс ашық әрі түсінікті, кәсіби деңгейде жүргізілуге тиіс. Халыққа саясатымызды түсіндіру керек.

Мемлекет қаржысын барлық деңгейдегі бюджетке рационалды әрі әділ бөлудің маңызы зор. Тіпті ауылдық округтерге дейін қамтылуға тиіс.

Жалпы сипаттағы трансферттерді есептеген кезде барлық диспропорцияны ескергеніміз жөн. Республикалық бюджеттен, ең алдымен, кенжелеп қалған белгілі бір өңірді жалпы елдің даму деңгейіне жақындататын жобалар қаржыландырылуға тиіс. Әйтсе де барша аймақтың мәселелері мен қажеттіліктері Үкіметтің жіті назарында болуы керек. Өңірлердің даму қарқыны бәсеңдеуіне және әлеуметтік-экономикалық жағдайдың нашарлауына мүлдем жол беруге болмайды. Дәл осы себепті мен бүгін әлеуметтік салық проблемасына назар аудардым. Тағы да байыппен қараңыздар. Қазір аймақ әкімдерін қаржылық стимулдан айыруға болмайды деп ойлаймын. Сайып келгенде, өңір дегеніміз – тұтас ел. Сондықтан мұның шешімін табыңыздар. Алдағы уақытта тағы да кездесіп, бұл мәселелерді талқылаймыз.

Мемлекеттік бюджеттің жоспарлануы мен орындалуы көбіне инфляция үдерістерін бақылау шараларының тиімділігіне байланысты. Ұлттық банк пен Үкіметке батыл әрі

қалыптан тыс, бірақ сындарлы шешімдер қабылдауға тура келеді.

Әлемдегі экономикалық конъюнктура тез өзгеріп жатқан кезеңде тап-таурын жолмен жүруге болмайды. Ол заман келмеске кетті. Әлем өзгеріп жатқанын көріп отырсыздар. Жаңа мән, жаңа форматтар, ұғымдар мен тәсілдер пайда болуда. Бұл инфляциялық үдерістер мәселесіне де қатысты. Демек қабылданған шешімдер күрделі сын-қатерлерге сай болуға тиіс.

Жолдауда цифрлық активтер айналымына қолданылатын тәсілдерді өзгерту қажет екенін айтқан едім. Қазір мұндай активтерді тек Астана халықаралық қаржы орталығындағы криптобиржа базасында ғана заңды түрде пайдалануға болады.

Алайда, сарапшылардың бағалауынша, Орталықты сауда алаңы ретінде қазақстандық криптоинвесторлардың небары 5 пайызы пайдаланады. Қалғаны астыртын жұмыс істейді. Цифрлық активтердің заңды түрде қолдану аясын кеңейтуге арналған инфрақұрылымды жедел құру керек. Қаржы саласының реттеушілері тиісті заңнама базасын қалыптастыруды қолға алғаны жөн.

ЖЕТІНШІ. Маңызды жобаларды қаржы көздерімен қамтамасыз ету керек.

Екінші деңгейдегі банктердің ресурстарын үкіметтік бағдарламаларға, атап айтқанда, ірі инфрақұрылымдық жобалардың құрылысы мен жаңғырту жұмысына тартуға болады және тарту керек деген мәселе көп айтылды.

Мемлекет бөлетін қаражатты кезең-кезеңімен несие мөлшерлемесін субсидиялауға қарай бағыттау керек.

Бұл қаржыландыру көлемін бірнеше есе ұлғайтып, банктердің ақшасын экономикалық айналымға қосуға мүмкіндік береді.

2017 жылдан бастап 2020 жылға дейін бірқатар ірі банкке мемлекет тарапынан, соның ішінде Ұлттық қор есебінен 15 жыл мерзімге қаржылай қолдау көрсетілгенін білесіздер. Бұл көмек банк акционерлері де ортақ жауапкершілікке ие болады деген талаппен берілді. Кейбір банктер өз шығындарын әлдеқашан өтеген. Бірақ мемлекеттің иелігіндегі қаржыны қайтаруға асықпайды. Тіпті оны жоғары пайызбен тәуекелі аз мемлекеттік қаржы құралдарына салып, кепілді табыс тауып отыр. Үкімет пен Ұлттық банкке шара қабылдауды тапсырамын.

Бір нәрсені атап өткім келеді: банктер Үкіметтің, соның ішінде халықтың жауы емес. Бірақ диалог негізіндегі әділ серіктестік орнауға тиіс. Кезінде сіздерге көмектестік, енді сіздердің кезектеріңіз келді. Қомақты қаражат бергеніміз рас.

Бизнестің кепілге қоятын мүлкінің болмауы нақты секторды кредиттеуге кедергі келтіреді. Сондықтан займды кепілдендіру құралдарын көбейту қажет. Үкімет салалық даму институттарымен бірлесіп, кепілдік қорын құру мәселесін пысықтауы керек. Банктердің, корпорациялардың, орталық және жергілікті билік органдарының жыл сайынғы жарнасы есебінен қаржыландырылатын мұндай қорлар бірқатар елде өз тиімділігін көрсетті.

Сондай-ақ экономикалық қайтарымы жоғары стратегиялық жобаларды жүзеге асырған кезде Бірыңғай зейнетақы жинақтаушы қорынан нарық шарттарына сай «ұзақмерзімге берілетін» қаржыны анағұрлым белсенді тартуға болады.

СЕГІЗІНШІ. Әлеуметтік қолдау ісін реттеп, денсаулық сақтау, білім беру және ғылым саласын одан әрі дамыту қажет.

Мен мемлекеттің әлеуметтік бағдарламаларын мейлінше әділ қаржыландыру туралы тапсырма бердім. Үкімет бұл жұмысты бастады. Былтыр денсаулық сақтау саласының өзінде 140 миллиардтан астам теңге орынсыз шығын анықталып, тиімді жұмсалды. Демек жауапкершілікпен қараған кезде қосымша қаражат көзін де табуға болады.

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін реформалауды жалғастыру керек. Сонымен қатар бірқатар заңнамалық шара қабылдау қажет. Үкімет Парламентпен бірге міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін жетілдіру туралы заң жобасын жедел пысықтауы керек. Құжат осы сессияның соңына дейін қабылдануға тиіс.

«Ауылдағы денсаулық сақтау жүйесін жаңғырту» ұлттық жобасы аясында екі жылдың ішінде халыққа алғашқы дәрігерлік көмек көрсететін 460 нысан пайдалануға берілді. Тағы 195 нысан жыл соңына дейін салынып бітеді. Ауқымды жұмыс. Алайда көпбейінді орталық аудандық ауруханаларды жаңғырту жұмысы өте баяу жүріп жатыр.

Жоспар бойынша биыл 32 ауруханаға жөндеу жүргізілуге тиіс. Бірақ оның тең жартысының жобалық-сметалық құжаты енді ғана әзірленіп, сараптама жасалып жатыр. Жұмыс созылып кетті. Бұл мекемелерді медициналық құралдармен жабдықтау мәселесі де шешімін тапқан жоқ. Аталған мәселені дереу шешіңіздер.

Үкімет пен әкімдер алғашқы көмек көрсету нысандарының барлығын жыл соңына дейін түгел іске қосуы керек. Ал көпбейінді орталық аудандық ауруханаларды жаңғырту жұмыстарын келесі жылдың соңына дейін аяқтауды тапсырамын.

Мектепке дейінгі және орта білім беру саласында әділ бәсеке болуы қажет. Бюджет қаржысын үнемдеп, қаражаттың ашық жұмсалыуын қамтамасыз ету маңызды. Бұған жол ашатын тәсілдерді енгізу жұмыстарын жалғастыру керек. Осы орайда мектепке дейінгі мекемелерді ваучерлік тәсілмен қаржыландыратын пилоттық жобаны атап өткен жөн. Мемлекеттік тапсырыс белгілі бір білім беру мекемесіне байланбайтын болды. Соның нәтижесінде, ата-аналар балабақшаны өздері таңдауға мүмкіндік алды. Аталған жоба қаншалықты тиімді, орынды екенін қарау керек. Егер талапқа сай болса, бұл тәжірибені орта білім беру саласына енгізуге болады. Тұрғылықты жеріне қарамастан, әрбір баланың білім алуына қолайлы жағдай жасау – мемлекеттің міндеті.

Биыл «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аяқталады. Барлық аймақта заман талабына сай тірек мектептер желісі құрылып жатыр. Менің тапсырмаммен үш жыл ішінде тағы 1300 мектеп жаңғыртудан өтеді.

Бұдан бөлек, Үкімет заманауи мектептер салуға қолайлы жағдай жасап, орта білім беру саласына жеке инвестиция тартуы қажет.

Биыл – Жұмысшы мамандықтар жылы. Осыған орай, маңызды іс-шаралар мен жобалар жүзеге асырылмақ. Еңбек адамының абырой-бөделін арттыру үшін нақты жұмыс жүргізіледі. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін түбегейлі жаңғырту ісін бастау керек. Жауапты мекеменің бәрі және ең бастысы, жеке сектор бұл іске белсене араласуға тиіс.

Бизнес бұл салаға көбірек келуі үшін техникалық және кәсіптік білім беретін ұйымдарға арналған мемлекеттік тапсырыс көлемі артады.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың Үкіметтің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзі

(Соңы. Басы 1-2-3 беттерде).

Оның мөлшері де біркелкі болады. Бұған биыл бюджеттен қосымша 22 миллиард теңге бөлінеді. Бұл ретте әкімдерге зор жауапкершілік жүктеледі. Олар кәсіпкерлермен бірлесіп, аймаққа қажетті мамандықтар тізімін анықтауы керек. Сондай-ақ сұранысқа ие кадрлар даярлау үшін колледждерге бағыт-бағдар беруі қажет.

Ғылым және жоғары білім саласындағы реформалардың қарқыны мен сапасын сақтау маңызды. Білім беру тапсырысын оқу орындарының рейтингіне қарай бөлу жұмысы Үкіметтің бақылауында болуға тиіс.

Соңғы жылдары мемлекет ғылымға бөлінетін қаражат көлемін едәуір арттырды. Әлі де арттыра береді. Бірақ бұл қаржы нақты мақсатқа сай жұмсалыуы қажет. Бюджет қаржысын сапалы әрі сұранысқа ие зерттеулер жүргізетін университеттер, институттар мен ғалымдар ғана алуы керек.

Алға қойылған міндеттерді жүзеге асыру үшін тұтас мемлекеттік аппарат тиімді жұмыс істеуі керек. Әкімдерді тікелей сайлаудың нәтижесінде мемлекеттік қызметшілердің жаңа санаты – сайланатын басшылар пайда болды. Бұл – екі жарым мыңнан астам басшы лауазымындағы қызметкер деген сөз. Олардың арасында бұрын мемлекеттік қызметте жұмыс істемеген азаматтар, соның ішінде жастар көп. Сол себепті сайланған әкімдер мен түрлі деңгейдегі басшыларды кешенді дайындықтан өткізу мәселесі өте

өзекті болып тұр. Үкіметке Мемлекеттік қызмет істері агенттігімен бірлесіп, «Әкімдер мектебі» оқыту жобасын іске қосуды тапсырамын. Бұл ретте осындай жұмысты жүргізіп жатқан «Amanat» партиясының тәжірибесін ескерген жөн.

Мемлекеттік аппараттың басты міндеті – азаматтарды толғандыратын өзекті мәселелерді шешу. Ол үшін, ең алдымен, азаматтармен ұдайы байланыста болу керек. Оңсыз болмайды. Сондықтан халықтан келіп түсетін өтініштерге айрықша назар аудару қажет. Былтырдың өзінде Президент Әкімшілігіне 50 мыңнан астам өтініш келіп түскен, ал еліміздегі барлық мемлекеттік органдарға шамамен 4 миллион өтініш жолданған. Бұл көрсеткіш жылдан жылға көбеюде.

Бір жағынан, бұл жұрттың «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасына сенетінін көрсетеді. Алайда, сонымен бірге, бұл олардың өтініштері мен мәселелері мемлекеттік органдардың күнделікті жұмысы барысында шешімін таппай жатқанын аңғартады. Сондықтан олқылықтар мен кемшіліктерді жою үшін тиянақты жұмыс жүргізу қажет.

Әдетте азаматтардың өтініштерінің артында адам тағдыры тұрады, сондықтан, бұл жерде барлық қызырлы органдар жұмыла жұмыс істеуі тиіс.

Ақпараттық жұмыс уақтылы әрі сапалы жүргізілген жағдайда көптеген мәселені, соның ішінде қоғамда дүрбелең тудырған түйткілдерді ушықтырмай шешуге болатын еді. Сондықтан мұқият ойластырылған қоғамдық коммуникация стратегия-

сы қажет.

Үкіметтің және әкімдердің қызметі өз халқымызға да, сыртқы әлемге де ашық әрі түсінікті болуы керек. Бірінші басшылар азаматтарды жеке қабылдауға тиіс. Бұл – өте маңызды. Әсіресе, аймақ, қала, аудан басшылары халықпен тікелей байланыста жұмыс істеуі қажет. Дегенмен мемлекет пен қоғамның серіктестігі азаматтарға да зор жауапкершілік жүктейді.

Соңғы кезде заң үстемдігіне және қоғамдық тәртіптің сақталуына басымдық беру қажеттігі дамыған елдерде, тіпті, АҚШ-тың өзінде жиі айтыла бастады. Біз мұндай пайымға әлдеқашан келгенбіз.

«Заң мен тәртіп» қағидасы халықтың санасына терең орнығуға тиіс. Ол үшін кез келген қызық бұзушылыққа «мүлдем төзбеушілік» қағидасын берік ұстану қажет. Бұл бағыттағы жұмыстар барлық деңгейде ұйымдастырылуы керек. Мұны, әсіресе, аймақ әкімдері мықтап қолға алғаны жөн. Бірақ шектеулер мен айыппұлдарға қатысты мемлекеттің де, қоғам белсенділерінің де ұстанымы көңілге қонымды болуға тиіс. Мәжбүрлеу шаралары болмаса, тәртіп орнату мүмкін емес екенін әлемдік тәжірибе көрсетіп отыр. Сондықтан мемлекеттің іс-әрекеттеріне түсіністікпен қараған жөн. Бұл орайда диалог арқылы қоғамдық келісімге келу керек. Қалай десек те, мемлекет заң тәртібін қамтамасыз ету үшін қабылдайтын шаралар өз елін күштеңалауға себеп болмауға тиіс. Кейбір азаматтар елімізді мазақ қылуға әуестеніп барады. Мысалы, өзге елдердің өкілдері жоқ жер-

ден «керемет жетістіктерді, табыстарды» тауып алып, оны шетелге жан-жақты насихаттап жатады. Ал біздің азаматтар, олардың ішінде шоу-бизнес өкілдері, өзін өзі «қоғам белсендісі» санайтын жастар, тіпті, депутаттар да бар, Қазақстанға неше түрлі лақап ат қоятын болды. Бұл енді мүлдем түсініксіз, ақылға сыймайтын нәрсе.

Мен бүгін Үкімет жұмысының басты бағыттарын айқындап бердім. Бұл – ірі инфрақұрылым жобалары, цифрландыру және жасанды интеллект, ядролық энергетиканы дамыту, агроөнеркәсіп кешенін нығайту және инвестиция тарту мәселелері.

Экономикамыз дамып жатыр. Бірақ оның қарқыны ойдағыдай емес. Алдымызда ауқымды міндеттер тұр. Оны алдағы бес жылда орындауымыз керек.

Бізге, ең алдымен, білікті және ел мүддесін ойлайтын отаншыл кадрлар керек. Дәл осындай мамандарды тауып, оларды басшылық лауазымдарға тағайындаймыз.

Құрметті кеңеске қатысушылар!

Бүгін біз еліміздің 2024 жылғы даму нәтижесін қарадық. Қордаланған мәселелерді талқылап, алдағы міндеттерді айқындадық. Басты мақсат – азаматтардың әл-ауқатын арттыру. Алдағы жоспардың бәрін сапалы орындау қажет. Сөз соңында тағы да атап өткім келеді: бізге нақты нәтиже керек. Нәтиже болса ғана даму болады.

«Егемен Қазақстан»
газетінен.



ЛУДОМАНИЯ ҚОҒАМ ДЕРТІ

Созақ аудандық «Жастар ресурстық орталығы» КММ Таукент кенті бойынша әдіскері Р.Мырзахметованың ұйымдастыруымен «Лудомания қоғам дерті» атты жастар мен жасөспірімдер арасында ойын құмарлықтың алдын алу бойынша семинар тренинг өтілді.

Бұл іс-шараның мақсаты – жастар арасында ойын-құмарлыққа қарсы иммунитет қалыптастыру, олардың өмірде дұрыс таңдау жасауына ықпал ету, қоғамдағы осы мәселені азайту, лудоманияның алдын алуға және жастардың салауатты өмір салтын ұстануына көмектесу.

Семинар тренингте І.Кеңесбаев атындағы жалпы орта мектептің психологы Браташ Сәуле апайымыз жастарға психологиялық қолдау көрсетіп, ойын-құмарлыққа бейім жастар үшін тегін психологиялық кеңес беруге әзір екенін, құмар ойындарға тәуелділіктен арылуға көмек көрсететін мекемелер мен ұйымдар туралы ақпарат беріп, психологиялық ойындар ойнатып, кеңес берді.

Ең бастысы–қоғам болып осы мәселеге назар аударып, бірлесіп жұмыс жасау қажет екенінде тілге тиек етті.

«Созақ үні»-ақпарат.

Партиялық бақылау

Созақ ауданы, Шолаққорған ауылындағы «Жайлы мектеп» бағдарламасы аясында салынып жатқан 900 орындық Ы.Алтынсарин атындағы жалпы орта мектебінің ғимараты құрылысына 2025 жылдың 23 қаңтар күні «AMANAT» партиясы Созақ аудандық филиалы жанындағы Партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Б.Тұрғанбаев, комиссия мүшелері С.Шардарбеков, Н.Майусова, Г.Есмұратова, Р.Әлжанов, Т.Абуовтың және бекетінің төрағасы С.Малікайдаровтың қатысуымен мониторинг жүргізілді. Бүгінгі таңда мектептің ішкі құрылыс жұмыстары толық аяқталып, мектеп жиһаздарымен интерактив тақталары құрастырылу үстінде. Мектептің ішкі жылуы жақсы, құрылыс қалдықтарын тазалау жұмыстары жүргізілуде. Оқу дәрісханалары мен спорт залдар және мәжіліс залы арнайы құрал-жабдықтармен жабдықталып, оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай орналастырылған. Асхана жайы толық жабдықталып, электр пештер мен басқа да жабдықтарын мамандар іске қосуға даярлық үстінде. Сыртқы көгалдандыру жұмыстары мен бастауыш ойын алаңшалары жабдықталған. Спорт алаңдары ескі мектеп ғимаратының бұзып орнына салынатын болғандықтан дайындық жұмыстары жүргізілуде.

Нұржамал МАЙУСОВА,
Кеңес мүшесі.




Есірткі жарнамаларына қарсы күрес жалғасуда

ҚР Бас Прокурорының тапсырмасына сәйкес «Нашақорлыққа жол жоқ» акциясы Созақ ауданында өз жалғасын табуда. Аудан прокуратурасы мен Созақ ауданының полиция бөлімі өкілдері заңсыз есірткі жарнамаларын анықтап, жою және алдын алу мақсатында Шолаққорған әкімдігінде санитариялық тазалыққа жауап беретін қызметкерлермен бірге жиналыс өткізді. Жиналыста қоғамдық орындарда есірткі жарнамаларын, граффитилер мен QR-код жазбаларын полиция органдарына хабарлау арқылы жою қажеттігі түсіндірілді.

Қазіргі таңда жергілікті атқарушы және құқық қорғау органдары бірлесіп отырып, «Нашақорлыққа жол жоқ» акциясының аясында жүйелі жұмыстар жүргізуде. Осы орайда аудан тұрғындарын есірткіге қарсы күреске белсене қатысуға шақырамыз. Егер күдік тудырған жарнамалар анықталса, аудан прокуратурасының сенім телефонына (725-46-07) немесе 102 нөміріне хабарласуды сұраймыз.

Аудан әкімінің
баспасөз қызметі.

Осынау ағартушы, шежіреші, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы, көрнекті ақын, ойшыл, рухани қайраткер Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының бітім-болмысы, шығармашылық мұрасы зерделеніп біткен жоқ. Халық оны көзі тірісінде-ақ «әулие» атауы-өз алдына бөлек зерттеуді талап ететін тақырып. Ал енді балалықтың бау-бақшасынан даналықтың дариясы деңгейіне көтерілген Көпейдің Жүсібі 1858 жылы Семей облысы Баянауыл сыртқы округі аумағындағы Баянауыл мен Қызылтау тауларының арасында орналасқан Ашамай тасы деген жерде дүниеге келген. Ата-анасының азан шақырып қойған есімі Адам-Жүсіп. Қаршадайынан (9 жас) қисса-дастандарды жатқа айтып, ел көзіне түскен баланы бірде аға сұлтан Мұса Шорманов шақырады. Алқалы жиында тарихтың тамырынан тартып, талай жыр-дастанды төгілте орындаған ба-



Адам-Жүсіп Көпейұлының тарихшы-ғалымдарымыз: «Шейх Зуннун Мысыриден алынған болуы керек, бірақ Мәшһүр қазақ түсінігіне ыңғайлап өңдеген» деп баға берген мәшһүр ғибратты сөздерінің бірі осындай болды. Діннен хабары бар адам ғана ғатын Мәшһүрдің мұндай еңбектерін екінің бірі ға бермейтіні ақиқат. Дегенмен, Шайх Зуннун секілді шығыстың шоқ жұлдызының еңбегін қазақ түсінігіне ыңғайлап беруінен Көпейұлының өз халқының рухани көзін ашуға деген ықыласын аңғару қиын емес. Біз әдетте рухани дүниелер айтып, жазатын болсақ хакім Абайға сүйеніп үйренген елміз. Алайда, сол хакім Абайдың өзі заманында Мәшһүрдің білім-білігін, діндарлығы мен тақуалығын мойындаған жандардың бірі де бірегейі болған. Әрине, бұл екі алыптың замандас болғанымен жолыққан-жолықпағандығы жөнінде ғалымдар-

Мәшһүрдің мәшһүр ғибратты сөздері

лаға риза болған ел ағасы: «Өз заманында халқына мәшһүр болатын бала екен», деп есіміне «Мәшһүр» атын қосыпты. Асылында, «мәшһүр» сөзі араб тілінде «танымал» дегенді білдіреді. Айтқанындай-ақ, Мәшһүр жақын жұртынан төрткүл дүниеге дейін танылады.

Зиябек ҚАБЫЛДИНОВ,
Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры,
ҰҒА корреспондент-мүшесі

Иә, Зиябек Қабилдинов айтпақшы, қазақтың зиялы қауымы «Мәшекең» атап кеткен Мәшһүр Жүсіптің өмірі менен шығармашылығы әлі де толықтай зерделеніп бітпеген көрінеді. Сол себепті де Мәшекең жайлы әлі де талай ғылыми-зерттеулер жасалып, еңбектер жазылатынына бек сенімдімін. Сондықтан да, бүгінгі мақаламда Көпейұлының көпке насихат боларлық ғибратты сөздеріне ғана тоқталып өтуді жөн көріп отырым:

«Құдай тәберік уә тағалә һәммә аруақларды жаратып, өзінің Құдай патшалығына арнап екі той жасап, соған аруақларды шақырып:

«Аяғың барғанша жүр, қолың бос, аузың бос – ұнатқандарыңды ала бер», – депті. Әуелі дүние базарын жасап, аралатты. Аруақлар он бөлек болды. Тоғызы көзі түсіп, көңілі қалағанын ала бастады. Бай-малды, ғалым-ғылымды, ұста-темір мен көмірді, етікші-тарамыс пен қайыңның тұзын, балта ұстаған-ағашты, тезек терген-көң, шанақты, мерген-мылтықты, – әркім өз құмарына ынтықты. Қалған бір бөлек жан Құдайдың дауысын естуген, «Осы дауыс қайдан шықты, дауысы мұндай әдемі, өзі қандай?» деумен есіл-

дерті соған кетіп, жалған базарының ешбіріне қызықпады.

Осыдан кейін Құдай тәберік уә тағалә бұлардың алдына ақырет базарын құрып, сегіз ұжмақ жасап, көркейтіп, қызықтырып, жайнатып салды. Аруақтар тағы да он бөлек болды. Тоғызы көзі түсіп, көңілі қалағанын ала бастады. Халла тонға, пырақ атына, хор қызына, – бірі оған, бірі бұған жармаса бастады. Тоғыздан бөлініп қалған бір бөлегі тұрып қала бастады. Содан соң Құдай тәберік уә тағалә бұларға тозақты жасап, қорқынышты қылып дүрілдетіп, қыздырып, отын шалқытып, түтінін қаптатып еді, бәрі бытшыт болып он бөлек болды. Тоғызы тым-тырақай үркіп, лағып қашты. Бір бөлегі отты, сотты қырау құрлы көрмей, бүлк етпей тұрып қала берді.

Сонда Құдай тәберік Уә тағала бұларға айтты:

«Бірі-дүние, бірі-ақырет, алдарыңа екі дастархан жайдым. Ол жайған дастарханнан бірдеме алып ауыздарыңа салмадыңдар, керек қылып дәнеме алмадыңдар. Бергенімді білмей, сыйлап, құрметтегенімді керек қылмай тұрған соң «Отпен үркітіп, азаппен қорқытып, зәресін ұшырайын!» деп, тозақты қыздырып, тулатып едім, үрікпедіңдер, саспадыңдар, қорықпадыңдар, қашпадыңдар. Енді сендерге не керек, айтыңдар!» дегенде, бұлар айтты:

«Көргенімізді айтсақ, дүние базарын араладық. Алып жатқан, тұтып жатқан, ішіп жатқан, жұтып жатқанды көрдік. Өрік, мейіз, қант деген тәтті тамақтары болады екен. Оның қадірі-көзбен көріп, қолмен алып, аузына салғанша ғана екен. Жалған дүниенің «бал» деген тамағы болады екен, оның өзі бір шыбынның

тышқан боғы екен. Жібектен жасалған әдемі киімі болады екен, ол бір құрттың тышқан боғы екен. ...Тіршілік бар, өлімі даяр. Жастық бар, артында көрілігі даяр. Денсаулық бар, артында ауруы даяр. Байлық бар, артында жоқтығы даяр. Соқыр-саңыраулар соқтығысып жатыр, опытып жатыр. Бізге құлақ, көз берген өзіңсің. Көре тұра, ести тұра оның несіне қызығайық?!

Ал енді, ақыретіңді де көрдік. Қанша қызықты болғанмен, сарттың сызбау ағашы сықылды, төрінде қасқайып отырған иесі жоқ. Адыра, тұл қылған иесіз мүлік сықылды. «Мұның иесі қайда?» деп, есі-дертіміз сол қиялға кетіп, мең-зең боп тұрып қалғанымыз сол, – депті.

«А, сендер, «Мұның иесін тапсақ!» десендер, асуы жоқ тау бар, кешуі жоқ су бар. Құс болып ұшсаң, құрылы даяр тор бар. Жүйрік болып шапсаң, қазулы даяр ор бар. Бір күні тымығы жоқ, қара боран дауыл бар. Жайма-шуағы жоқ қаһарлы бұршақ жауын бар. Қайғының қалың қордасы, Нәм күйіншітін зор ордасы бар. Оттан ыстық, қардан суық жолдар бар. Соның бәрінен асып өтсең, табасың!

«Жарайды, жарайды, оны іздеушіге осыншама машақат, мехнат беріп, мұның үстіне үйіп-төгеді екенсің, өзің қайда боласың?»

«Өзін білмей, жанын аямай, бұ жолға түскендердің жатса басында, отырса қасында боламын!

«Олай болса енді бізде арман жоқ. Ал түстік, кеттік!

Дүние деген бір сұлу қыз. Оның қалың малы-жан, иман! Жан-иманнан, ұят-ардан кешкен бай болмақ!

Мінеки, Шорманның мұсасынан «Мәшһүр» деген атты бекер имден-беген азан шақырып қойған аты

дың арасында пікір қайшылықтары бар көрінеді. Солардан бір-екеуін назарларыңызға ұсынып көрейін:

Сондай әңгіменің бірін жазушы Рамазан Тоқтаров өзінің «Абайдың жәмбағы» атты романында келтіреді. Жазушының айтуынша: «Мәшһүр Жүсіп Абайдың ұлы Әбдірахман қайтыс болғанда көңіл айтуға барды. Сонда Абай: «Мәшһүр досым, «Құдай қайда?» дейді. Сонда Мәшһүр жүрегін көрсетіп, «Жүректе» депті. «Рас, Мәшһүр екенсің. Онда менің оң жағыма кел» деп, оны оң жағына отырғызыпты. Одан кейін Мәшһүрге: «Ай мен күннің арасына жел кірсе не тұтылады?» депті. Мәшһүр: «Ай тұтылады» депті. Ал, «Күн мен жердің арасына ай кірсе не тұтылады?» десе, «Күн тұтылады» депті. Ал, енді, «Мәшһүр Жүсіп екеуміздің арасыңа сөз кірсе не тұтылады?» дегенде, «Жүрек тұтылады» деген екен».

Ал абайтанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Тұрсын Жұртбай қос тұлға кездесті деуге келмейтінін, алайда хат-хабар алмасқаны шындық екенін айтады. Ол кісінің айтуынша: «Мәшһүр Жүсіптің Абайға өлеңмен жолдаған хаты бар. Олардың характері басқа. Ақселеу Сейдімбектің ел аузынан жинағандары қоспа сөз шығар. Бірақ ғылымда нақты дерек жоқ». Әрине, екі тарихи тұлғаның көзбе-көз кездесіп-кездеспегенін ғалымдарымыз бізден артық білетіні хақ. Оның шынайы бағасын да алдағы уақыттарда нақты ғылыми зерттеулердің нәтижесінде біле жатармыз. Оған дейін Мәшһүрдің мәшһүр ғибратты сөздерінен суысындап, рухани шөлімізді басып отырайық.

Данияр БЕК.

ҚАЗАҚ ТІЛІ ОЛИМПИАДАСЫНЫҢ АУДАНДЫҚ КЕЗЕҢІ ӨТКІЗІЛДІ

2025 жылғы 27 қаңтар күні Нәзір Төреқұлов атындағы ІТ-мектеп-лицей базасында «Жарқын болашақ» республикалық қазақ тілі олимпиадасының аудандық кезеңі өткізілді.

«Жарқын болашақ» республикалық қазақ тілі олимпиадасы 5 бағыттан тұрады: «Бейнелеушілер» (қазақ әдебиетіндегі шығармаларды комикс жанрында салу); «Сөз шеберлері» (шешендік өнер, көпшілік алдында белгілі бір тақырыпта сөз сөйлеу); «Жас қаламгер» (жазбаша шығармашылық жұмыс); «Білгірлер

бәйгесі» (халық ауыз әдебиеті үлгілері бойынша сайыс); «Әнші-бұлбұлдар» (ән айту).

Олимпиада қорытындысы бойынша төмендегі оқушылар облыстық кезеңге жолдамалды.

Атап айтсақ, «Бейнелеушілер» бағытынан Т.Әлімқұлов атындағы №14 мектеп интернат-лицейінің 10-сынып оқушысы Сәбитқызы Әсел; «Сөз шеберлері» бағыты - Панфилов атындағы жалпы білім беретін мектептің 11-сынып оқушысы Төрежан Гүлсезім, өзге ұлт тобы бойынша «Суындық» жалпы білім



беретін мектептің 8-сынып оқушысы Халбай Махбуба; «Жас қаламгер» бағыты - А.Сүлейменов атындағы жал-

пы білім беретін мектептің 10-сынып оқушысы Мақсатқызы Балнұр, өзге ұлт бойынша «Созақ» мектеп-гимназия-

ның 8-сынып оқушысы Акбар Данияла; «Білгірлер бәйгесі» - Қ.Рүстемов атындағы жалпы білім беретін мектептің 11-сынып оқушысы Омархан Меңсұлу, өзге ұлт тобы бойынша «Созақ» мектеп-гимназиясының 9-сынып оқушысы Өсербай Азамат; «Әнші-бұлбұлдар» бағыты Ф.Мұратбаев атындағы жалпы білім беретін мектептің 11-сынып оқушысы Дайрабай Ақжүніс.

Алдағы облыстық кезеңде оқушыларымыздың жеңіс тұғырынан көрінулеріне тілек-теспіз!


«Созақ үні»-ақпарат.

Кім мәңгілік, баянсыз бұл өмірге...

Бүгін бармыз ал ертең тіріміз бе, Зырғып өтіп барады күніміз де. Кім мәңгілік, баянсыз бұл өмір де, Уақыт келсе кетеміз түбі бізде, - деп ақындар жырлағандай, әкемнің шәкірттерінің бірі, ауданымыздың ауыл шаруашылығы саласына еңбегі сіңген қадірлі азамат Тұралиев Қасыбек ағамыз жайлы бірнеше мақалалар жазылған болатын. Ағамыз туралы өз естелігін айтқан досы, ішкі істер саласының ардагері Тұрмаханов Абай ағамыздан досы туралы естелігімен бөлісуде сұрадым.

Сенімді жолдас, қадірлі досымыз Тұралиев (Әубәкір) Қасыбек Садықұлы осы жылдың ақпан айының 05 жылдысында 69 жасқа келер еді... Әттен сұм ажал арамыздан алып кеткеніне 14 жылдың жүзі болыпты. Совет заманында 1962 жылы Ангельс атындағы орта мектепке оқуға барып 1972 жылы бітірген.

жолын 1977 жылы Гурьев облысы Махамбет ауданының агрохимиялық лабораториясында агрохимик топырақтанушы болып бастады. Елдегі қарт әке-шешесінің қасында болуы үшін ауылға келіп 1978-1980 жылдары Ангельс совхозында гидротехник, 1980-1985 жылдары Ангельс совхозында комсомол комитетінің хатшысы, 1985-1987 жылдары Шу совхозында кәсіподақ комитетінің төрағасы. 1987-1990 жылдары Сызған совхозында партия комитетінің хатшысы, 1990-1994 жылдары халық депутаттары Сызған ауылдық кеңесінің төрағасы, 1994-1996 жылдары Сызған ауылының әкімі, 1996-1998 жылдары Қайнар жжымының төрағасы, 1998-2002 жылдары Қайнар шаруа қожалығының төрағасы. 2002-2006 жылдары аудандық жер ресурстары басқару бөлімінің бас маманы. 2007-2009 жылдары аудандық жер ресур-



күйеу балалары да тірліктеріне адам сүйсінетін инабатты азаматтар. Қасыбектің ағасы Әбдірахман, жеңгесі Күләш Орал облысы Шыңғырлау ауданында жұмыс істеп тұрақтап қалған, ағасы совхоз директоры болған. Осы кісілер төрт қыз, бір баласының екі үлкен қызын Нәйла мен Қызғалдақты мектепке бармай тұрғанында кішкентайынан Қасыбектердің қолына берген. Мәншүк пен Қасыбектің тәрбиесін алған жоғары білімді осы қыздар қазіргі уақытта бір-бір үйді дөңгелетіп, немере сүйіп отырған ардақты аналар. Әпшесінің қызы Жұлдызай мен немере інісінің қызы Айгерімдер де мектепті Қасыбек пен Мәншүктің қолында оқып, оқу орындарын бітіріп, осылардың қолдарынан ұзатылып бір-бір үйдің келіндері болып отыр. Қасекеңді еске алғанда жолдастарымен бірге жүргендегі айтылған әңгімелер, қалжың сөздер еске түседі. Достар болып жиналған бір отырыста асаба болып жүрген досымыз «сөздің кезегін шалдың баласына беремін» деп үш-төрт рет айтып Қасыбектен басқамызға берген ғой, ішіміздегі әкесі үлкен, нағыз шалдың баласы Қасыбек еді. Әрбір сөздің кезегінде «шалдың баласына беремін» деген сайын сөйлеуге оқталады. Төртінші рет айтқанда шыдай алмай орнынан атып тұрып «бәрің шалдың баласы болдыңдар сонда мен кімнің баласымын» дегені ғой кейіс білдіріп. Иә досымыз Қасыбектің жатқан жері жәннатта, топырағы торқа болып артындағы ұрпақтарына Алла ұзақ өмірді нәсіп етсін деп тілейміз-деп әңгімесін аяқтады Абай ағамыз. Осындайда Абай атамыздың өлеңі еске түседі.

Жас қартаймақ, жоқ тумас, туған өлмек,

Тағдыр жоқ өткен өмір қайта келмек.

Басқан із, көрген қызық артта қалмақ,

Бір құдайдан басқаның бәрі өзгермек.

Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.



Осы жылы Орал қаласындағы Батыс Қазақстан ауыл шаруашылық институтының агрохимиялық факультетіне оқуға түсіп 1977 агроном мамандығымен бітіріп шықты. Еңбек

старын басқару бөлімінің басшысы. 2009-2011 жылдары аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарған. 1980 жылы Москвада өткен олимпиадаға облыс

бойынша барған санаулы делегаттың бірі болып көрермен есебінде қатысып қайтты. Сөйткен Қасекең өмірден ерте озып, 2011 жылдың мамыр айының 3-ші жылдысында дүниеден өтті.

1979 жылы Ресейдің Астрахань облысының қызы Балбаева Мәншүк Бақытқызына үйленіп екі қыз, екі ұлды өмірге әкеліп, тәрбиелеп өсірді. Үлкен қызы Әсем жоғарғы білімді Шымкент қаласында мектепте ағылшын пәнінің мұғалімі. Бес ұл-қыз өсіріп отырған ана. Екінші қызы Бақытжамал жоғары білімді мұғаліма, бес ұл-қыз тәрбиелеген ана еді, көрер жарығы таусылып автомобиль апатынан қайтыс болғанына жылға таяп қалды. Үлкен ұлы Айдос жоғары білімді қазіргі уақытта «ҚазАТОМ пром» компаниясында «KAP Logistics» ЖШС ОАТБ филиалы директорының өндіріс жөніндегі орынбасыр қызметінде, төрт ұл-қыздың әкесі. Екінші ұлы Елдос жоғары білімді энергетик. Шымкент қаласында индустриалды аймақта бас энергетик болып қызмет атқаруда. Төрт ұл-қыздың әкесі, келіндері мен

Адам баласы өмірде өз орнын тауып «дүниеге бір кірпіш болып қалануы» үшін ең алдымен ата-анасының ризашылығына ие болу керек дегенді қазақ халқы барлық уақытта да айтып келеді.

Ата-анаға байланысты көптеген қанатты сөздер мен мақал-мәтелдерді түрлі кітаптар мен басылым беттерінен кездестіресіз. Зиялы қауым өз шығармалары арқылы тәлім-тәрбие береді. Мектеп оқулықтарында да ата-ананың ең қымбат жан екенін ұғындырып отырады.

«Жұмақ ананың аяғының астында» - деген сөзден, барлық ойды терең түсінуге болады, әкенің қадірі туралы да нақыл сөз көп.

Мен осы тақырыпта өз түйгенімді көпшілікпен бөлісуді жөн көрдім. Жалпы әкелер туралы, ол кісілердің бала өміріндегі рөлінің маңыздылығын айта отырып, жас оқырмандарға ата-ананың оқырсын алу ең зор құрмет екенін, болашаққа бастар жолыңның даңғыл болары туралы ой салуды.

Менің әкем қарапайым дене шынықтыру ұстазы болды. Бұл мамандық бойынша өмірден озғанша жұмысын жалғастырды. Осы орайда «адам қандай мамандық таңдасын, мейлі ол аяқ киім тазалаушы, болса да, әлемдегі ең үздік аяқ киім тазалаушы бола алады» деген мысалды үнемі есіме аламын.

Әкемнің спорттың қыр-сы-

Тәрбие-ұлттық құндылық мәйегі

рын меңгергені соншалық, кез келген спорт түріне бейім болды. Еш қиындықсыз ойнай алатыны таң қалдыратын. Осыдан болар әкем аудандағы білікті ұстаздардың қатарында болды. Ол кісіні көбінесе тәжірибесі мол деп, әсіресе басшы кісілер спорттық шараларға көп шақыртытын. Жауаптылық, әрине, ең алдымен Алладан, содан кейін адамның жауаптылығына тән.

Бала күнімізде әкемізді үйде сирек көретінбіз. Ол кісінің көз қарасының өзі көп нәрсеңі ұғындыратын. Аз сөйлейді. Бітім болмысы әскери адамға көбірек ұқсайды. Сондықтан үйде де темірдей тәртіп болды.

Әкемізге зор құрметпен қарап, алдымызда мәртебесінің жоғары болуы анамың арқасы деп білем. Ол кісі үнемі: «әкелерің келе жатыр, дұрыс отырыңдар, қыз бала болғандықтан ба, ашықшашық киім кимеңдер, жиналып отырыңдар, тазалық сақтаңдар, ерсі қылық жасамаңдар» деген сияқты сөздерді үнемі құлағымызға құйып отырды. Қыз бала болғандықтан ба бізге қарап дауыс көтергенін мүлде естімей естік десе де болады.

Қазір бірге қызмет істеген



әкемнің өзі қатарлы замандастары болсын, үлкен кіші болсын кез келген жерде сол кісіні танитын кісілердің барлығы әкем жайында үнемі жақсы пікір айтып жүреді. Бұл біздің әкеміздің өз еңбегін адал атқарып, жақсылығын аямаған адам екендігінің дәлелі. Өзімді қарапайым отбасында дүниеге келгеніме мақтанамын. Әрине, бұл ата-анасы қызметкер балалардың үйінде тәрбие жоқ деген сөз емес, тек аса көп байлықтың ортасында жүрмей-ақ адам, тұлға болуға болатынын айтқым келеді.

Ауылдағы мектепте қызмет

етіп жүрген кездердегі естелігін тыңдап отырсаң, сол кездегі белгілі тұлғалар, әнші, композитор, жазушылардың аудан орталығына келіп, көпшілікке өнерлерін көрсетіп, кездесулер болып тұратын уақытта, сол танымал тұлғаларды гастрольдік сапарларында бірге жүрген кездердің бірінде, «вальс королі» Шәмші атамыздың қас-қағым уақыт аралығында «Теріскей» өлеңіне ән жазып шығарғанын айтса таң қалатынбыз. Өзіміздің күйші атамыз Төлеген Момбековті де бала күнінен танып күйлерін таңға дейін тыңдағандарын сөз еткенде

қызыға тыңдайтынбыз. Өнер адамдарын сирек болмаса тіпті тек теледидардан ғана көретін біздер үшін бұл бір қолжетпес армандай болушы еді.

Әкемнің іс-әрекеттерінен үйренген тағы бір қасиет, кез келген адамнан қолдан келген көмегіңді аямай, бір адамның болса да алғысын алу үлкен өнеге еді.

Сөз соңында талай ғалымдар, ақын-жазушылар «тәрбие» тақырыбы туралы айтып жазбаған адам, кемде кем шығар. Десек те, осылардың ішіндегі әке тәрбиесінің маңызы зор. Әр заманда әртүрлі пікір қалыптасып, бала тәрбиелеудің заман жаңарған сайын жаңа үлгісі пайда болады. Әйтсе де менің түсінгенім, қазіргі заманғы әкелер сияқты мойында мінгізіп, күнде түрлі тәттілер әкеп, жарнамадан көрген ойыншықтарын әперіп жатпаса да, әкемізге деген құрметіміз кеміп қалмақ емес.

Әрине, түрлі себептермен әкенің де ананың да рөлін тең атқарып келе жатқан аналардың алдында басымды иемін.

Болашақта мен де әкеме ұқсап, сұранысқа ие озат мұғалімдер қатарынан көрінім келетінін жасырмаймын. Бұл ата-ана ризалығын алудың бірден-бір жолы.

Маржан АСЫЛХАНҚЫЗЫ, Жартытөбе ауылы.

Қышыма қотыр дертінің белгілері мен одан сақтану жолдары

Қышыма қотыр дертінің белгілері мен одан сақтану жолдары

Тері жұқпалы ауруларының бірі – қышыма қотыр (чесотка). Оны қышыма қотыр кенесі таратады. Қоздырғыш адамның терісіне жұққан сәттен-ақ өзіне «жайлы орын» жасай бастайды. Ұрғашысы адамның терісіне енгеннен кейін жылдам көбейеді, яғни теріге жұмыртқа салады.

Біреу күннен кейін онысы құртқа (личинка) айналып, бір аптадан соң ересек қотыр кенелер пайда болады. Демек қышыма кене адам үшін өте қауіпті жәндік. Оның мөлшері 0,2—0,5 миллиметрден аспайды, сондықтан ұлғайтқыш әйнек арқылы ғана толық көруге болады. Қышыма қотыр адамнан адамға жылдам жұғады. Әсіресе отбасы мүшелеріне тез тарайды. Яғни қышымамен ауырған адаммен тікелей қарым-қатынаста болғанда, сондай-ақ олардың пайдаланған төсек –орындарын, іш киімдерін, киім-кешектерін, сүртінетін ормалдарын, жөкелерін (мочалка), қолғаптарын, басқа да заттарын пайдаланғаннан жағады. Сондықтан тиісті тазалық талаптарын сақтау қажет, деп жазады медицина ғылымдарының докторы Жасан Зекейұлы.

Қышыма адамға үй жануарларынан жұғуы да мүмкін. Қышыма кене мал денесін де жайлап, адамға көбінесе жылқыдан жұғады. Қышыма кененің әрекетінен денеде қотыр пайда болады. Сондай-ақ тазалық-індет тәртібін сақтамаған жағдайда қышыманы моншадан, душтан, жатақханадан, пойыздан, қонақ үйлерден, яғни кез келген жерден жұқтырып алуыңыз мүмкін. Аурудың жасырын кезеңі 7 күннен 10 күнге дейін, кейде 1,5 айға дейін созылуы мүмкін.

Белгілері:

Қолдың саусақтарының арасында, кеуде мен іштің, санның, аяқтың терісінде бөртпелер және қышыма пайда болады.

Қышыма қотыр жұқтырған адамның денесінің кей тұсы бой бермей дуылдап қышиды, әсіресе түнде қатты қышиды.

Теріні үнемі қасығанда оған микробтар түсіп, қышымаға терінің іріңді жұқпасы қосылып, ауру әрі қарай асқынып кетеді.

Денесін түрлі түйіншектер, көпіршіктер, қанды қабыршақтар, тырнақ ізі басады.

Мұндай жағдай аяқ-қолдың буын бүгілістерінен, саусақ аралықтарынан, тіпті тұла-бойдан да байқалады.

Тазалық талаптары:

«Сақтықта қорлық жоқ» демекші, ең алдымен адам таза болу керек.

Апта сайын суға түсіп, іш киімін жиі ауыстыру керек. Әсіресе біреудің киім-кешегі мен заттарын пайдаланғаннан аулақ болыңыз.

Қышыма қотыр жұқтырған адам ауруханаға жатпай, үйде емделсе, оның төсек-орыны, тұтынатын заттары өзге отбасы мүшелерімен араластырылмай, жеке ұстаған дұрыс.

Кірлеген киімдерді де бөлек жинап, бөлек жуған жөн. Яғни оны 1-2% сода ертіндісі немесе кез-келген ұнтақ сабын қосылған, қатты қайнап тұрған суда 10 минуттай қайнатып жуу керек.

Киімді тек үтіктеп кию керек. Сырқат жатқан бөлмені де күн сайын 2 пайыздық сабын-сода ертіндісімен жақсылап сүрту керек.

Мұхаметқали ҚАЗБЕКОВ,

Созақ аудандық орталық аурухананың дерматовенеролог дәрігері.

Құтыру-вирустық ауру, адамдар мен жануарлардың орталық жүйке жүйесін зақымдайтын және өлімге әкеп соғатын қауіпті аурулардың бірі. Қазіргі уақытта құтыру денсаулық саласында, сондай-ақ ветеринария саласында да басты мәселе болып қалуда. Оның эпидемиологиялық маңызы – даусыз өлімге әкеліп соқтыруымен, барлық жерде таралуымен, аурудың

кезде (иттер, мысықтар, түлкілер, қасқырлар және басқалармен) жұғады. Жануарлардың құтырмамен ауруының себептері сан алуан, бірақ ең басты назар аударатыны – жануарлардың іс-әрекеттерінің өзгеруі. Иттер жеуге жарамайтын тас, ағаш, әйнек сияқты заттарды шайнай бастайды. Жануарларда жағының асты салбырайды, сілекей бөлуінің көбеюі бас-

күннен 28-шы күн аралығында салынады 5 турдан тұрады. Қапқан ит белгілі болса, 10 күн ветеринариялық бақылаудан кейін анықтамамен 3 екпемен (дәрігерге көрінген күні антирабикалық вакцина-ның 1-ші туры 0 күндігі, 3-ші күні 2-ші туры және 7-ші күні 3-ші туры салынады) тоқтатылады. Уақытында жүргізілген егу ғана аурудың дамуының алдын-алады. Бұл да-

Құтыру ауруынан сақ болыңыз!

жануарлар арасындағы тікелей байланысымен, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейімен және халық арасындағы антирабикалық көмек көрсетуімен анықталады. Кейінгі жылдары дала тағыларының тым көбейіп кетуімен үй жануарлары арасында әсіресе жылқыға қырғидай тиюде бұл көріністер халық арасында эпидемиологиялық жағдайды күрделендіруде. Құтыру адамға үй және жабайы жануарлар, ет қоректілермен тығыз байланыста болуы нәтижесінде сілекеймен немесе тістегенде және жаралаған

талады және олар адамдар мен жануарларға жүгіріп, қатты тістейді. Адамдар мен жануарлардың құтырмамен ауруы өлімге әкеп соқтырады. Иттер мен мысықтарды құтырмаға сәл ғана күмәнді себептер байқалса, ветеринарлық дәрігерге қаралуды есте сақтау қажет. Күдікті жануарлардың иелері өз бетімен көмек көрсетуге жол бермеу қажет, өйткені ол өте қауіпті. Егер адамды жануарлар тістеп алған жағдайда тез арада дәрігерге қаралып, құтырмаға қарсы егу курсы жүргізу мәселесін шешу қажет. Кезекті екпелер 0

мудың алдын алудағы ең бірден-бір құралы. Егер де жануарлар тістеп алған немесе зақымданған денеге сілекейі жұққан жағдайда тез арада (жараны сабынды сумен шая отырып, шеттерін спиртпен және йод тұнбасымен өңделеді) жақын маңдағы медициналық мекемеге бару қажет. Ауру дамуының алдын алуға тек қана егу көмектеседі. Адамдарға құтыру ауруына қарсы екпелер тегін жасалады! Өз денсаулықтарыңыз өздеріңіздің қолдарыңызда екенін ұмытпаңыздар!

Тұмау және ЖРВИ-ның алдын алу

Тұмау және жедел респираторлық вирусты жұқпа (ЖРВЖ) жер шарындағы ең кең тараған ауру, әсіресе соңғы жылдарда деңгейі өсуімен сипатталып келеді. Әлсіздік, дене қызуы 39-40 градусқа дейін көтерілуі, дененің дел-сал күйге түсуі алғашқы белгілері. Естен тану, сандырақтау жиі болады. Көбінесе екі күннен кейін мұрынның бітуі, жөтелген кезде тамақтың қырналып ауруы басталады. Мұндай белгілердің пайда болуына жеңіл қарауға болмайды. Тұмаудың қауіптілігі: дұрыс емделудің салдарынан иммунитет әлсіреп, ағза көптеген микробтар мен бактериялардың алдында қорғаныссыз болып қалады. Одан кейін қабынып, созылмалы ауруға айналады. Ал жұқпаның қауіптілігі жойылған күнде де, денсаулықтың дұрыс қалыптасуына көптеген уақыт кетеді. Тұмау ең көп таралатын вирусты инфекциялы ауру. Бірақ көбішілігіміз оған жеңіл қараймыз. Егер дене қызуы түспей, тоқтаусыз жөтеле берсеңіз, дене ылғалдылығы жасыл-сұр түске айналса, бұл тұмаудың ең қабынған түрі пневмония. Тұмау жалпы интоксикация (қалтырау, бас ауру, бұлшық ет ауруы) және тыныс алу жолдардың қабынуымен жүретін

вирусты жұқпалы ауру. Тұмау эпидемиялық аймақтарда өте жылдам жүреді. Тұмаумен ауырған адамның иммунитеті әлсіреуі мүмкін. Соның салдарынан екіншілік жұқпа қосылады, адам ағзасы тұмаумен дұрыс емделмегеннің әсерінен бактериялардың алдында иммунитеті төмендейді. Тұмаудың кең таралуын және оның асқынуын алдын алу үшін ең алдымен алғашқы клиникалық көріністер байқалған адамдарды үйде оқшаулау, асқынған түрімен ауыратын науқастарды жедел түрде тексеріп, ауруханаға шақыру керек. Жұқпаның кең таралуында, эпидемия кезінде көпшілік орындарда бетперделік тәртіпті орнату маңызды. Тұмаудың алдын алуда ең маңызды қадам эпидемиологиялық кезең алдында тұмауға қарсы алдын-ала егу болып саналады. Сонымен қатар салауатты өмір сүру салтын сақтап, дене шынықтыру, суға шомылу, спортпен шұғылдану, таза ауада демалу сияқты қарапайым қағидалар орындалса, адамның жалпы ауруға иммунитеті көтеріледі. Спиртті ішімдіктер қабылдау, темекі шегу керісінше адам ағзасына кері әсерін тигізеді. Жоғарыда айтылған іс-шараларды дер кезінде мұқият орындасаңыз ауру сізді айналып өтеді.

Х.ОСПАНОВ,

Созақ аудандық СЭБ басқармасының басшысы.

Қазақстанның ең үлкен байлығы – халық, ал халықтың өмір сүру деңгейінің ұзақтығы, яғни мемлекетіміздің болашағы экологиялық жағдайға байланысты. Табиғаттың тазалығы орман көркейуі еліміздің шөлейт аймақтарында да оның орны ерекше. Мыңдаған шақырымға созылып жатқан құмды аумақта жайқалып өсіп тұрған жасыл қалқан табиғатқа сәлу көрініс береді. Ауаны оттегімен қамтамасыз етеді. Құмды аймақтарда өсетін сексеуіл ағаштарының сол жерлердегі табиғаттың жайқалып, тұруына септігін тигізеді. Жерасты тұздың көтерілуіне жол бермейді. Құммен бірге желді, шаңды тоқтатады. Сексеуіл ормандарындағы түрлі шөп қаулап өссе малға жайылым. Шөлейт аймақта өмір сүретін халық сексеуілдің қадір қасиетін біліп отындыққа сындырып алмай, тамызыққа рұқсат беріліп жатырған басқа бұталар мен ағаштарды қолданып жатса сексеуіл ағашының көбейуі жоғарылар еді. Облысымызда Шардара, Арыс, Отырар, Созақ аудандарында өсетін бұл ағаш түрлері қазіргі таңда ерекше қорғалу үстінде. Соның бір бөлігі Созақ ауданындағы, «Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі»

Сексеуілді кесуге тиым салынады

КММ-і, мекемеге қарасты жалпы 1034898,4 гектар орман қоры жері, оның ішінде сексеуілмен көмкерілген 355961,6 гектар жерін атап өтуге болады. Созақ ауданы үшін сексеуілді орманның орыны ерекше. Осыдан біраз жылдар бұрын экономикалық түрлі қиындықтарға байланысты сексеуілді себу және отырғызу азайған болатын. Кейінгі жылдары облыстық бюджеттен сексеуіл алқаптарын өсіруге қаражат көзі едәуір бөлініп молайту үшін тиісті жұмыстар жасалында. Бұл өз кезегінде орманшылар үшін үлкен жетістік. Республика көлемін жалпы сексеуіл ағаштарын қорғап сақтау үшін біраз іс-шаралар жүзеге асырылуда. Соның бір бөлігі атап айтар болсақ аудан көлемінде орман шаруашылығы қызметкерлері аудандық полиция бөлімінің қызметкерлерімен бірлескен рейдтік іс-шара жоспарын бекітіп жыл сайын арнайы іс-шаралар жүргізіп жұмыстар жасалында. Аталға іс-шараларды жүргізу үшін мекеде 6-дана патрульдік автокөліктер мен қызметкер-

лер жұмылдырылып жүйелі жұмыс жасалынып жатыр. Сексеуілді қорғау үшін Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі 2024 жылғы 30 қазандағы «Мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі сексеуіл ормандарында сексеуіл ағашын кесуге тыйым салу туралы № 260 бұйрығы шығарылды. Аталған бұйрық 2024 жылдың 15 бастап күшіне енді. Жаңа бұйрыққа сәйкес үштен екі орындары қазып шығаратын және мемлекеттік орман қорының магистральдік құбырлары өтетін жерлерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі сексеуіл ормандарында ағаш кесудің барлық түріне 2028 жылдың 31 желтоқсанына дейін тиым салынды. Сексеуілді қорғап сақтауда халықтың да жауапкершілікпен қарауға тиіс, себебі сексеуіл ағаштары құмды аймақтарда жойылған жағдайда құмның көшіп өлді мекендерді құм басу қауіпі туындайды. Бұл өз кезегінде экологиялық ақуал тудыруы мүмкін. Ал сексеуіл ағашын заңсыз

кескен азаматтарға Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 381-1 бабымен жеке және заңды тұлғаларға әкімшілік жолмен айыппұл салынып, көліктері мен басқа да құралдарын тәркілеу жазасы белгіленген. Табиғатқа аса ірі көлемде зиян келтірген болатын болса ҚР Қылмыстық кодексімен қылмыстық іс қозғалады. Бұдан басқа, орман алқабына зиян келтірушілер материалдық жауапкершілікке тартылады. Шөлейт аймақтың шырайын келтіріп отырған сексеуіл ормандарын үлкен –кіші болып бірлесіп қорғайық. Жайқалған сексеуіл ормандары бізге ғана қызмет етіп қоймай келешек ұрпақ үшін өмір сүруі қажет. Сондықтан оның тамырына балта шаппас бұрын ойланайық.

Ганижан ПЕНТАЕВ,

Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі ММ КММ Орман қорғау инженері.

Созақ өлкесінің тамаша тарихы, ғажайып болашағы бар. Көне Жібек жолы бойындағы ескі Созақ, Шолаққорған, Бабата қалалары, Ақсүмбе бекеті және Таңбалы тас жері ел тарихының тылсым сырын шертеді. Қазақ хандығының негізін қалаған Керей мен Жәнібек Шу өзені бойына ту тігіп, шаңырақ көтерген. Созақ өлкесі- қазақ елінің қарашаңырағы.

Аудан 1928 жылдың қаңтар айында Теріскейді мекендеген 6 болыс ел мен Жылыбұлақ болысы негізінде құрылды. Аудан орталығы 1934 жылдан бері Шолаққорған ауылы. Аудан жерінің көпшілік бөлігін тастықмды, шөлді жазық (Бетпақдала, Мойынқұм) алып жатыр. Оңтүстік және Оңтүстік- батысын ала Қаратау жотасы орналасқан. Солтүстік-батысында Ащыкөл ойысы, Тамғалы соры, орта тұста Тамғалынұры қоны-



және пошта үйлерінің іргетасына кірпіштерін пайдаланған. Тіпті ел көшіп, тастандыға айналған медресе үйі ми қайнатар шілденің ыстық аптабында төрт түлік мал саялайтын орынға да айналған.

Екі дәрісханалы, 24 құжыралы медресе. Соғылу кезеңі XIX ғасырға жатады. Кейінгі кезде күтімсіздікпен бұзылып бір дәрісхана мен екі шетіндегі екі-екіден төрт бөлмесі ғана қалған, содан ауданның, ауылдың адамдары ауданға, одан облысқа, болмаған соң, 1988 жылы Мәдениет министрлігіне барды, Медресе жағдайын айтты. Адамдарын жиып, ақылдасқан министр 400 мың сом ақша бөлді. Содан Түркістандағы «Казреставрация» бөлімі мамандары келіп, жарымынан астамын 1994 жылға дейін қалпына келтірді. Кейіннен «Мәдени мұра» бағдарла-

ӘУЛИЕЛІ АТАЖСҰРТ, КИЕЛІ ҚҰТ МЕКЕН...

сы, Шығыста Сүмбешетарал қонысы мен сор жерлер орналасқан. Жерінің басым бөлігі сұр топырақты, сор, сортаңды, құмды. Қаратаудан Үшбас, Үштөбе, Торлан, Балдысу, Жылыбұлақ т.б. шағын өзендері ағады. Сонымен қатар, Қызылкөл, Ақжайқын, Айдын көлдері бар. Ауданның ең биік жері Бессаз (Мыңжылқы) биіктігі-2176 метр.

Қазақ халқы тағдыр тақсиретін аз тартқан жоқ. Үш ғасырдан аса бодандық құрсауынан құтыла алмады. Аласапыран аумалы-төкпелі заман болды. Басқыншылар әсерімен халқымыз босқыншылыққа ұшырап, ата-бабаларымыздың қайда қалғанын білмейтін заман болды. Оның үстіне Кеңес дәуірінде дінімізді шектеп, әдет-ғұрпымыз бен тілімізді жоқ етіп жіберуге дейін барғаны белгілі. Құдайға шүкір, өткенді таразылап, төрт құбыламызды түгелдейтін мезгіл жетті, бабалар рухы көтерілді. Әулиелер туралы ел арасындағы ежелгі түсініктер мен олар туралы әңгіме-әпсаналар жинастырыла бастады. Осы мақсатта ұйымдастырылып отырған осы жұмысы барысында Ислам заңындағы әулиелерге табынушылық дами келе, қазақ арасында еделден келе жатқан ата-бабалар әруағын сыйлаумен қосылып, сәулет өнерінің дамуына кең жол ашқаны анықталыпты. Исламның оңтүстік өңіріне таралуына байланысты діннің тұңғыш уағыздаушылары мазарларының үстіне кесенелер салынып, оларды үлгі тұта бастаған. Осы жағынан қарағанда Созақ ауданы киелі орындар және мәдени-тарихи ескерткіштерге өте бай. Соның ішінде Абыз әулие, Айтжан әулие, Аққұс әулие, Ақшеңгел әулие, Күлтөбе киелі орны, Қыз әулие, Таңбалы тас, Ақсүмбе, Әбдікәрім әулие, Бақай әулие, Бесім әулие, Жалаңаш әулие, Жалғыз тал әулие, Жылтырақ әулие, Қарлығаш әулие, Қос әулие, Қатынқамал, Тақталы әулие, Кезата, Құлметей әулие, Қызылкөз әулие сияқты киелі де қасиетті орындар, Әжі Сапа әулие, Әуке ана әулие, Баба Түкті шашты Әзіз әулие, Балықшы әулие, Бәжі әулие, Бекетай әулие, Бөкенбай әулие, Дөңгелек әулие, Қақрық әулие, Қарабура әулие, Қошқарата әулие, Саңғыл ата әулие, Шашты ата әулие, Ысқақ баб әулие, Раң ата, Талмас ата, Тамды ата, Бабата медресесі, Мұхаммед-Ханафия, Мардан ата, Изенді, Бәжі, Шайық

Ахмет мешіті, Таңбалы тас пен Мыңбұлақ сияқты әулиелі кісілердің зираты, кесене-ғимараты мен Ақбөпе ана, Ақбикеш, Белең ана, Бибі ана, Бибі Гауһар, Бибі Мариям, Бибі Хадиша аналар сияқты тағы басқа да 150-ден аса қасиетті мекендер мен киелі орындардың тізімі алынды.

Бүгінгі таңда аудан аумағы 41 000 шаршы шақырымды құрап, 36 елді мекен мен 2 қала үлгісіндегі поселке (Қыземшек, Таукент) 10 ауылдық округке біріктірілген. Орталығы-Шолаққорған ауылы. Аудан орталығы Шымкент қаласынан 190 шақырым солтүстікте, Қаратаудың солтүстік беткейінде, далалы, шөлді мекенде орналасқан. Жоғарыда аталған киелі орындар осы аймақтарда орналасқан. Кешегі замандарда айтуға, насихаттауға тиым салынған уақыт болды. Бүгін егеменді ел болып, еңсемізді тіктеп, өткен тарихымыз бен шежіре беттеріне қайырыла соғар күн туды. Созақ аудан аумағында мәңгілік мекен тапқан әулиелер мен қастерлі орындар туралы жинақтаған материалдарды назарларыңызға ұсынамыз. Сөз бен дерек халықтікі, біздікі тек теріп, текшеп, елеп, өкшеп өздеріңізге қайта ұсыну ғана!

БАБАТА МЕДРЕСЕСІ

Бабата ауылы Қаратаудың теріскей бетіндегі «Қызылтас» пен «Қапшағай» тауларының, сол таулардан бастау алатын «Қаракөз» бен «Бабата» өзендерінің аралығында орналасқан. Бабатаның байырғы атауы «Баладж» екенін ғалымдар дәлелдеген. Академик Әлкей Марғұлан Бабата жөнінде: «қала биіктігі 11 метрден 23 метрге дейін жететін мұнарадан тұратын алаңды алып жатыр. Табылған қыш көзе сынықтарында Ислам кезеңіне жататын жазулар мен суреттер жоқ. Бұл деректерге қарағанда Бабата қаласы мұсылман мәдениетіне дейін-ақ өмір сүрген... Бабата жайлы зерттеуші ғалым-археолог Е.И.Агееваның жүргізген археологиялық қазба жұмыстары аса құнды мәлімет берген. Бұл ежелгі қала өз тіршілігін төрт рет тоқтатып, төрт рет қайта жалғастырған. Қала ішінде үйлермен қатар базар алаңы, ғибадатхана, нан пісіретін ошақтар, су құбырлары болған. Қала биіктігі 6-9 метрлік ду-

алмен қоршалып, сырты ормен қоршалған. Қала ауқымы ауық-ауық кеңейтіле берген» деп жазады. Жалпы 1946-1948, 1953-1954 және 1957-1959 жылдары жүргізілген зерттеулер қорытындысына қарағанда, бабата қаласының дамуын жүргізілген зерттеулер қорытындысына қарағанда, бабата қаласының дамуын 4 кезеңге бөледі: VI-VII ғасырлар-алғашқы қоныс тебу кезеңі; IX ғасыр-қалаға айналу кезеңі; X-XII ғасыр-гүлдену кезеңі; XIII-XV ғасыр-қаланың соңғы кезеңі. Бабатадағы медресе дін мамандарын даярлауда маңызды қызмет атқарған. Қазақ даласында Бұхара, Самарқан пен Ташкенттегі сияқты үлкен медреселер болмаған. Қазақстан медреселерінің көпшілігі шағын бір қабатты үй болып келді, бұлардың ішінде бір немесе екі дәрісхана және құжыралар болған. Дәрісханада оқу жүргізілсе, құжырада шәкірттер жатқан. Медресе жеке адамдар мен халықтан жиналған қаражат арқылы салынған. Бабатадағы медресе бұған дәлел бола алады. Бұл медресе XIX ғасырдың жартысында күйдірілген кірпіштен салынған. Негізгі үйі-дәрісхана, ол үйдің бұрыш жағына орналастырылып, қос күмбезбен жалбылған. Ішкі күмбезінің жартылай сферикалық сыртқы күмбезінің фигуралық шпильмен бітетін биік конустәрізді үлгісі бар. Күмбезінің биіктігі 11 метр, жалпы алаңы 61 x 8 метр.

Шәкірттер тұратын үй-тік бұрышы құжыра бөлмесі екі жағынан дәрісханаға жапсарласып, төбесі шатырланып жабылған. Дәстүрге еліктей отырып, халық шебері медресенің аула жақтағы фасадын безендіруге ерекше көңіл бөлген. Үйдің аула жағындағы әрбір қуыстың орталығында құжыраға кіретін есік ойығы жасалған, оның үстінен шағын терезелер қойылған. Бұл үйдің архитектуралық жобалау шешімінің айрықша ерекшелігі мынада: оның жоспар-жоба жағынан ұйымдастырылуы тұйық емес, портал сияқты композициясының маңызды элементі пропорция жағынан оңайлатылған, сөйтіп сыналанып салынған портал арқасының архивольты өңделген.

Медресе дәрісханасы кешегі Кеңес тұсында дүкенге айналып, құжыраларда отбасылар тұрған. Тіпті қаракөл терісін тазалайтын жерге де, астық сақтайтын қоймаға да айналдырылған. Кейіннен оны бұзып, 25 шақырым Шолаққорғандағы кеңсе

мысына сәйкес, 25 миллион қаржы бөлініп, Түркістан «Казреставрация» бөлімі толық қалпына келтірді. Кезінде 400-ге жуық шәкірт оқыған екі дәрісханалы, 24 құжырлы медресе бүгінде қайта қалпына келтіріліп, толығымен жөнделді.

ЕРНАЗАР АТА ӘУЛИЕ

Бұрынғы Жартытөбе совхозына қарасты Аққолтық ауылының батыс жағында диірмені, ұстаханасы болған. Қазір диірмен тастары, орны ғана жатыр. Мұнда келетін ел сау-сағынан шеберлігі саулаған Ерназар атаның әруағына бас иеді. Диірмен тасқа тәу етеді.

Ардагер ұстаз Аққолтық ауылының тұрғыны Мұхамедияр Ыбырайұлының деректеріне қарағанда, бүгінде Ерназар атаның өзі тұрған үйінің орны сақталған. Ерназар атаның жалғыз қызы болған. Елге қажетті тұрмыстық заттардың бәрі сол ұста атаның қолынан шығатын. Сол үшін ол кісіні «Ұста ата» деп те кеткен. Бүгінгі таңда өзі тұрған үйдің жанында ортасынан қақ бөлінген, темірдіңегі бар, сары түсті құм тастан жасалынған, салмағы жүз келіден артық болмаса кем түспейтін диірмен тасы бар. Үйінде үлкен темір төсі болған екен, оны көшкенде күйеу баласы Аманқара мен оның балалары өздерімен бірге ала кетіпті.

Қасиетті ұсталықты кәсіп еткен таза жандарды таңғажайып қиял қанатына мінізіп, ерекше шабыт сыйлайды. Сонымен бірге Дүкен ата ұрпағына береке дарытушы киеге де ие.

ЖӘКЕЛ МЕН ШОҚАЙ ДАТҚА

Жәкел датқаның құлаған кесенесі Бабата ауылындағы қорымда. Қытымыр тағдырдың аяусыз қатал соққысы ең алдымен мешіт пен медресе жанындағы Жәкелдің сағанасына тиген. Көзімен көрген кісілердің айтуынша, бұл екі балағанды сағана болған. Жақындап қарағанда екі балағаны тербеліп тұрғандай әсер береді екен. Кірпішін бұзып ала алмаған соң, трактормен құлатпақ болған.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.
(Жалғасы бар).

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан
Бакытжанович

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек
Сайлаубекұлы
Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай

Редакция құрамы:

Аға тілші-
Данияр БЕКОВ
Тілшілер-
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терімші-
Бағила АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Құрманш КЕРІМҚҰЛОВ

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта
аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3200 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.